

ТӨРЛЕТ, ДОМБЫРА!

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №79 (6055) 1 шілде, бейсенбі, 2021 жыл.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Қос ішекті қара домбыраның
үнінде Ұлы даланың тамыры
терең тарихы мен сан ғасырлық
шежіресі бар... Атадан балаға
аманат болған осындай асыл
қазынамызды қадір тұту –
бәріміздің қасиетті
борышымыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

9

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
ОТЫЗ ЖЫЛДЫҢ
ОТЫЗ СӘТІ

12-13

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

24

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ МЕН РУХЫ

Бүгінде ұлттық рухты ұлықтап, құнды қазынамызға айналған қазақтың мәртебелі Домбырасының дәуірі қайта жаңғырып келе жатқаны қуантады.

Ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде қоғамды одан әрі топтастыруды көздеген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылғы 12 маусымдағы №699 Жарлығымен шілде айының алғашқы жексенбісін ұлттық аспабымыздың төл мерекесіне айналдырды. Тұңғыш Президентіміз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында атап өткендей, тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы да осы төл аспабымызды төрге шығарумен тікелей байланысты болмақ.

(Жалғасы 6-7-беттерде).



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

ЖОЛ – ҚАЛАНЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

оның сапалы болуы – тұрғындардың жайлы өмір сүруінің кепілі



«Almaty TV» телеарнасының тікелей эфиріндегі «Akimat LIVE» бағдарламасында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың қатысуымен «Алматы–2021 даму жоспарының» онлайн-тұсаукесері өтті.

Бұл жолы шаһар басшысы мегаполистегі жол инфрақұрылымын дамыту, жолдарды жөндеу жұмыстары, жаңа көшелердің құрылысы, жолайырықтар мен магистральды көшелерді салу мәселелері жайлы баяндады. Бағдарламаның өткен эфирлерінде Бақытжан

Әбдірұлы «Алматы–2050» Стратегиясы аясында қаланы дамытудың негізгі бағыттары жайлы айтқан болатын. Енді қала экономикасының жекелеген салаларын дамытуға арналған онлайн-презентация форматындағы бағдарламаларға да кезек келді. Қала экономикасының маңызды салаларының бірі – жол инфрақұрылымы. Жолдың жақсы болуы қаланың әр тұрғынына жайлылық туғызады.

(Жалғасы 2-3-беттерде).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Мемлекет басшысы фельдгерлерге ерекше мәртебе беретін заңға қол қойды.
- Мегаполисте екпе пункттерінің жұмыс сапасын және вакциналау технологиясының сақталуын бақылайтын арнайы жұмыс топтары құрылды.
- Қазақ балуандарына Түркияда үш жүлде бұйырды.
- Шаһарда бір тәулікте 12 мыңнан астам адам вакцина алды.
- «Ashyq»-ты 4 миллионнан астам қазақстандық белсенді қолданады.



(Басы 1-бетте)

ШАҒАР ЖОЛДАРЫНЫҢ 80%-Ы ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ ЖАҒДАЙДА

Қала аумағы Алматы облысының іргелес аудандарының қосылуына байланысты күннен-күнге ұлғайып келеді. Қазірдің өзінде 2021 жылы қаладағы жолдардың жалпы ұзындығы 3097 шақырымды құрайды. Алматы жолдарының үлесі – республиканың барлық қалаішілік жолдарының бестен бір бөлігі (17,3%).

Магистральды көшелердің ұзындығы 531 шақырым немесе 17%, аудандық маңызы бар көшелер – 594 шақырым немесе 19%, жергілікті көшелер 1972 шақырым немесе 64%-ды құрайды. Күн сайын қалада 700 мыңнан астам көлік жүрде, 1 миллионнан астам адам қатынайды.

Бүгінде шаһарда жергілікті маңызы бар 298,5 шақырым көше бар, олар негізінен қалаға қосылған шағын аудандарда әрі оларға асфальтбетон төселмеген. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 80%-дан (2477 шақырым) асады.

2020 жылы ұзындығы 219 шақырым болатын 324 көшеге орташа жөндеу жүргізілді. 86,6 шақырым тротуар және 40-тан астам аялдама мен қалталар жөнделді, абаттандырылды.

Vision Zero тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Молдағалиев, Мәметова және Айтиев көшелерінің бойында 14 трапеция тәрізді жасанды кедергілер мен 102 қауіпсіз құрылыс жасалды.

74 мың адам тұратын 8 шағын ауданда 42,8 шақырым жаңа жол салынды. Олар – «Дархан-Байбесік», «Алғабас-АЗТМ», «Ұлжан-1», «Ұлжан-2», «Әйгерім-1», «Әйгерім-2», «Трудовик», «Шаңырақ-2» шағынаудандары.

АУДАНДАРДА ЖАҢА ЖОЛДАР САЛЫНУДА

Биылғы жылы «Жаңа Алматы» Кешенді жоспары аясында Алатау, Түрксіб және Наурызбай аудандарының 8 шағынауданындағы («Өжет», «Шаңырақ-5», «Самғау», «Нұршашқан», «Құрамыс», «Әлмерек», «Қайрат», «Алғабас») 415 көшеде 108 шақырымдық жаңа жолдар салынууда. Бұл шағынаудандарда 153 мыңнан астам тұрғын бар. Мәселен:

- **Алатау ауданында** биыл ұзындығы 45,2 шақырым 43 көшенің жолдарын орташа жөндеуден өткізу, сондай-ақ «Шаңырақ-5», «Самғау», «Өжет», «Шаңырақ-1», «Алғабас» сияқты 5 шағынауданда ұзындығы 62,8 шақырым 257 көшеге жол салу жоспарланған. «Теректі», «Боралдай», «Мәдениет» шағынаудандарында ұзындығы 81,3 шақырым жол салу үшін ЖСҚ әзірленуде. Бұрын бұл шағынаудандардың кейбіреуінде асфальтталған жол мүлдем болмаған. Өткен жылы ауданда 42,4 шақырым жаңа жол салынды, 75,8 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілді.

- **Түрксіб ауданында** ұзындығы 13,5 шақырым болатын 20 көшедегі жолдарды орташа жөндеуден өткізу, сондай-ақ «Қайрат», «Әлмерек», «Нұршашқан» шағынаудандарында ұзындығы 48,7 шақырым болатын 149 көшеге жол салу жоспарланған. Өткен жылы ұзындығы 10,7 шақырым болатын 14 көшедегі жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. 3 шағынауданда ұзындығы 48,7 шақырым болатын жол салу үшін ЖСҚ жасалды.

- **Наурызбай ауданында** ұзындығы 25,7 шақырым болатын 18 көшедегі жолдарды (оның ішінде «Тастыбұлақ» ша-

ғынауданында) орташа жөндеу жоспарланған. «Таусамалы» шағынауданындағы ұзындығы 1,2 шақырым болатын Қонаев көшесін екі жолақтан төрт жолаққа дейін ұлғайту жоспарлануда. «Құрамыс» шағынауданында 4,9 шақырым жол салу жоспарланған. «Ақжар» және «Шұғыла» шағынаудандарындағы ұзындығы 52,3 шақырым болатын 89 көшеге жол салу үшін ЖСҚ әзірленуде. Өткен жылы «Қарғалы», «Қалқаман-2», «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы ұзындығы 22,2 шақырым болатын 35 көшедегі жолдарға орташа жөндеу жүргізілді.

- **Бостандық ауданында** «Көкшоқы» (3,1 шақырым), «Асқартау» (1,5 шақырым), «Бағанашыл-2» (1,2 шақырым), «Ақтөбе» (шақырым), «Ерменсай» (3,2 шақырым), «Алатау» (4,4 шақырым), «Нұрлытау» (2,6 шақырым) шағынаудандарында 7,4 шақырым жол салу жоспарланған. «Ерменсай» (3,2 шақырым), «Алатау» (шақырым),



ЖОЛ – ҚАЛАНЫҢ оның сапалы болуы – тұрғындардың

«Нұрлытау» (2,6 шақырым) шағынаудандарында 10,2 шақырым жол салу үшін ЖСҚ әзірленуде. Сондай-ақ, ұзындығы 17,1 шақырым болатын 17 көшенің жолдарын орташа жөндеу жоспарланған. Оның ішінде ұзындығы 3 шақырым болатын Сәтбаев көшесі Шепетков көшесінен Манас көшесіне дейін магистральды жол болып саналады. Өткен жылы ұзындығы 20,2 шақырым болатын 43 көшедегі жолдарға орташа жөндеу жүргізілді, 3 бағдаршам салынды.

- **Медеу ауданында** ағымдағы жылы ұзындығы 58,5 шақырым болатын 50 көшедегі жолдарды жөндеу жоспарланған. «Думан» шағынауданындағы ұзындығы 27,4 шақырым болатын 53 көшеде жолдарды күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы ұзындығы 25 шақырым болатын 28 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді; «Думан» шағынауданындағы ұзындығы 3,1 шақырым болатын Хантәңірі, Қазығұрт, Ақмешіт, Бұрабай, Қарқаралы, Болашақ көшелеріндегі жолдар күрделі жөндеуден өтті.

- **Жетісу ауданында** жолдарды орташа жөндеу ұзындығы 22,4 шақырым болатын 23 көшеде жүргізілді. Солтүстік айналым – «Адем» СҮ, Солтүстік айналым – «Қарасу» шағынауданы, Солтүстік айналым – Шоссейная көшесі қиылыстарына 3 жерүсті өтпелі жолдар салынды. «Кемел» шағынауданында жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу үшін жобалық-сметалық құжаттама жасалды. Ұзындығы 18,2 шақырым болатын 11 көшедегі жолдарды орташа жөндеу жоспарланған. «Кемел» шағынауданында ұзындығы 8,8 шақырым болатын 30 көше салу бойынша ЖСҚ әзірленуде.

- **Әуезов ауданында** ұзындығы 28,1 шақырым болатын 61 көшеде жолдарды орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Таутүл-3» шағынаудандағы 42 көшеде 18,2 шақырым жол салынды. Биыл ұзындығы 27 шақырым болатын 34 көшедегі жолдарды жөндеу жоспарланған.

- **Алмалы ауданында** ұзындығы 14,7 шақырым болатын 19 көшедегі жолдарға орташа жөндеу жүргізілді, 8 бағдаршам орнатылды. Әйтеке би көшесі бойымен Байтұрсынов көшесінен Досмұхамедов көшесіне дейін жол салу үшін ЖСҚ әзірленуде. Ағымдағы жылы орташа ұзындығы 20,2 шақырым болатын 14 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жоспарланған.

Алматыда ілеспе көлік инфрақұрылымына қатысты 17 шақырым арық пен 83 шақырым тротуар жөнделді. 2021 жылы 96 шақырым тротуар мен 22 шақырым арық желісін жөндеу жоспарланған.

Бұдан өзге, 2021 жылдың 6 айында 38,3 шақырым тротуар мен 11,4 шақырым арық желісі жөнделді.

ЖОЛАЙРЫҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Бұқтырма көшесі – Құлжа тракті бойындағы жолайрық құрылысы іргелес орналасқан шағынаудандар мен 300 мыңға жуық тұрғыны бар Алматы облысының қала маңындағы елдімекендерін қаланың орталық бөлігіне және Алматы халықаралық әуежайына қолжетімді етуге бағытталған.

Жолайрық құрылысы Құлжа трактісінің көлік өткізу қабілетін тәулігіне 77 мың көлікке дейін арттырады, ал Бұқтырма көшесіндегі көлік қозғалысы тәулігіне 60 мыңға дейін ұлғаяды.

Жоба бойынша Бұқтырма көшесі бойына (570 м.) туннельді бөлігі бар үш деңгейлі жолайрығын, Құлжа трактісі бойына (783 м.) эстакадасы бар үш жолақты және олардың қиылысында айналымалы қозғалысты қамтамасыз ететін кіреберістерді салу қарастырылған.

Ағымдағы жылы жекелеген кіреберістер мен бағыттар бойынша көлік қозғалысын ішінара ашу жоспарлануда. Келер жылы құрылыс толық аяқталады.

Сейфуллин даңғылы – Жансүгіров көшесінің қиылысында туннель түріндегі жолайрық салынууда. Жоба бойынша Сей-

фуллин даңғылы бойымен көліктің кедергісіз жүруіне арналған жалпы ұзындығы 690 метрлік екі туннель салу қарастырылған.

Жансүгіров көшесі бойында және кіреберістегі көлік қозғалысы жер деңгейінде өтеді. Сондай-ақ, 4 жерүсті жаяу жүргінші өткелінің, тротуарлардың құрылысы, аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары қарастырылған.

Жолайрықтардың құрылысы қазірдің өзінде аяқталған Назарбаев даңғылын теміржол бойымен өтетін эстакадамен бірге Солтүстік-Оңтүстік көлік ағындарын бөлуге мүмкіндік береді. Сейфуллин даңғылының өткізу қабілеті тәулігіне 65 мың көлікті, Жансүгіров көшесінде тәулігіне 76 мың көлікті өткізетін болады. Жобаны аяқтау 2021 жылдың желтоқсанына жоспарланған.

Рысқұлов даңғылы – Емцов көшесі бойындағы жолайрық кіреберістері мен бағыттары бар Рысқұлов даңғылы арқылы өтетін көпірді қамтиды. Эстакаданың ұзындығы – 186 метр. Жерүсті жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы қарастырылған.

Бұл жолайрық пайдалануға берілген кезде Рысқұлов даңғылының көлік өткізу қабілеті тәулігіне 80 мыңға дейін, ал Емцов көшесінде тәулігіне 40 мың көлікке дейін артатын болады.

Биыл Саин мен Мөңке би көшелерінің қиылысында жолайрық құрылысын бастау жоспарлануда. Ол «жоңышқа жапырағы» типтес, түрлі бағыттары әрі кіреберістері болады.

Ұзындығы 2,3 шақырым болатын екі жерүсті жаяу жүргіншілер өткелін, тротуарлар мен велосипед жолдарын салу және көшелерді жарықтандыру қарастырылған. Жолайрықтың өткізу қабілеті тәулігіне 100 мың көлікті құрайтын болады.

АБАЙ ДАҢҒЫЛЫ ҰЗАРАДЫ

Жыл соңына дейін Абай даңғылы Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін ұза-

**АЛМАТЫ ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ:
ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

- 3097 шақырым жол
- 34 жолайрықтар
- 145 көпірлер мен туннельдер
- 140 жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдері
- 14 млн. м2 тротуарлар
- 466 бағдаршамдар

**СЕРГЕК ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ****2020 жылы не жасалды?**

- 464 бейнежазба кешені (2 284 камера) орнатылды
- Жолдардағы өлім-жітім 48%-ға;
- Жол апаттарының саны 29%-ға азайды
- 900 мың құқықбұзушылық анықталды
- Әкімшілік айыппұл есебінде бюджетке 4,9 млрд.теңгеден астам қаражат өндірілді
- 50-ден астам қылмыстық құқықбұзушылық ашылды

2021 жылға тапсырмалар

- 302 бейнежазба кешені орнатылады (5 мыңнан астам камера)

Жол және қоғамдық қауіпсіздікті жақсарту



ратын болады. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев онлайн-тұсаукесерде магистральды жолдарды үңгілеу жұмыстарының барысы мен қарқыны туралы айтты.

Бақытжан Әбдірұлының айтуынша, осындай төрт жоба жүзеге асырылуда. Абай даңғылын Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін ұзарту 4,8 шақырымды құрайды. Яссауи көшесінен «Шұғыла» шағынауданындағы Береке көшесіне дейінгі іске асуы тиіс учаскенің ұзындығы 3 шақырым.

Жоба бойынша 6 жолақты жолдың құрылысы қарастырылған – әр бағыт бойынша 3 жолақ, жаяу жүргіншілер тротуарлары, велосипед жолдары. Сонымен қатар, Әшімов көшесінің қиылысында жолайрығын және 4 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелін салу қарастырылған.

Қазіргі кезде инженерлік желілерді қайта тарту, төрт жаяу жүргіншілер өткелін салу жұмыстары жүруде.

орталығын қаланың негізгі коммуникацияларымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Әуезов көшесін солтүстік бағытта Гоголь көшесінен Райымбек даңғылына дейін үңгілеу қаланы дамытудың Бас жоспарында қарастырылған. Осы Әуезов көшесіндегі бұл учаске құрылысы 4 жолақты болады, әрі Солтүстік-Оңтүстік бағытында көлік өткізу қабілетін едәуір арттырады.

Жаңа учаскенің көлік өткізу қабілеті тәулігіне шамамен 36 мың көлікті құрайды, бұл көрші көшелердегі жүктемені едәуір жеңілдетеді.

МЕГАПОЛИСТЕ «VISION ZERO» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА 34 БАҒДАРШАМ НЫСАНЫ ОРНАТЫЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» ТА-дағы жол инфрақұрылымын дамыту жөніндегі онлайн-презентация барысында қалада ЖКО-ның,

мегімен 50-ден астам қылмыстық құқықбұзушылық ашылды.

Биыл «Сергек» жобасын 766 кешенге, қиылыстары мен сызықтық учаскелерінде әрқайсысы 383 кешенге, жалпы саны 5 мыңнан астам камераға дейін кеңейту жоспарланып отыр.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ЖАНЫНАН КӨЛІК КЕҢЕСІ ҚҰРЫЛДЫ

Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, қозғалыс үшін қолайлы жағдай жасау және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында Алматы қаласы әкімінің жанынан Көлік кеңесі құрылды. Оның құрамына сарапшылар мен әлеуметтік белсенділерді қосқанда 17 адам кірді.

Кеңестің міндетіне қала әкімдігінің әкімдіктері мен сараптамалық қоғамдастық арасындағы қаланың көлік жүйесі мен агломерациясын дамытуды кешенді жос-

таңда бағаның күннен-күнге өсіп жатқаны кімге болса да оңай соқпай тұр. Құрылысқа қажетті деген арматура, цемент, құм, бетон секілді заттар өте қымбат әрі тапшы. Сондықтан да кәсіпорындарға, мердігерлерге жолды жөндеу қиындық туғызып жатыр. Алайда, баға өсті демей, қолдағы бар қаражатты игеруді қадағалап, қаламыздағы бірқатар жолдарды жөндеуге тырысып, қолданысқа беріп жатырмыз.

Сұрақ: – Көктем шыға көшелерде шұрық-тесіктер көбейіп кетеді. Оны мамандар жөндейді, жамап-жасқайды. Осының бәрі көшедегі жолдың сапасыз салынғандығынан ба, әлде Алматының ауа райының ерекшелігі ме?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ: – Жоғарыда слайдта атап өткенімдей, Алматыда 3097-дей жол бар. Әр жол әр жылдары салынған. Оларды жөндеу жұмыстары да әр жылдары өткен. Кейбір жолдардың ішінде сапасыз жасалғандары да бар, оны мойындау қажет. Тағы бір мәселе, қаладағы барлық инфрақұрылым жолдардың астында болғандықтан жылу беретін, жарық беретін мегаполистік компаниялар өз жұмыстарын істейміз деп жолдарды кесіп, үңгіп, қазып тастап кете береді. Бір жыл бұрын салған жолдарымыздың сапасыз болып шығуы соның салдары деуге болады. Сондай-ақ, қаламызда қыс қатты болмайтындықтан түстің кезінде мұз еріп, жырылған жерлерге су кете береді. Жаз шыққан кезде жолдарымыз ойдым-ойдым болып шығады.

Сұрақ: – Өзіңіз білесіз, жол жөндеу мақсатында жергілікті тұрғындардың жерлері қажет болып, үйлерін бұзуға тура келеді. Сондай кездерде үй иелерінің өз қоныстарын беруге келіспей жататынын білеміз. Ол кісілердің арыздарының көбі ұсынылған бағаның төменділігіне келіп тіреледі. Сол жайында айта кетсеңіз? Неліктен сүрілетін үйлердің бағасы нарықта құнсыз?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ: – Жол тек бір адамның қажеттілігі үшін жасалатын дүние емес. Күнделікті кептелістен қаншама қарапайым тұрғындар, қала қонақтары зардап шегуде. Оның мәнісі көліктің көптігі мен көше жолдарының тарлығы. Қазір қарап тұрсақ, шынымен-ақ, әр адам сонша жыл тұрып келе жатқан жайлы қонысын жайдан-жай бере салғысы келмейді. Сол бағаға жақсы үй алғысы келеді. Алайда, жолға бөлінетін қаражаттың аздығын көздеріңіз көріп отыр. Егер тұрғындардың айтқан сомаларын бере берсек, қаражатымыз жетпей қалатынын білесіздар. Сондықтан да жолға қатысты мәселелер, әсіресе тұрғындардың арыз-шағымы кей жағдайда Жоғарғы сотта қаралады.

– Жолдың сапасы – қаланың жалпы көрінісіне әсер ететін негізгі фактордың бірі. Алматыда жол мәселесі қашан да өзекті. Соңғы бір жылда әкім атап өткендей, қала бойынша көптеген жолдардың құрылысы жүріп, қаншама жолдар жөнделді. «Алматының әр ауданындағы жолдардың сапалы болуы үшін тер төгудеміз, осының бәрі тұрғындардың жайлы өмірі үшін жасалып жатқан еңбек. Жол инфрақұрылымының сапалы болуы – тұрғындардың жайлы өмір сүруінің бірден-бір кепілі, – деп қорытындылады онлайн-таныстырылымды Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев.

Әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Айнұр СЕНБАЕВА,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

КҮРЕТАМЫРЫ

жайлы өмір сүруінің кепілі

Сонымен бірге, құрылыс салынатын жерлердегі жер учаскелерін сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Қазірдің өзінде 182 учаске сатып алынды, қалған 13 учаскені сатып алу пысықталуда. Аталған жер учаскелері уақытылы сатып алына, онда жұмысты ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Строительная көшесінен қала шекарасына дейінгі ұзындығы 600 метр болатын учаскедегі жұмысты 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Жолдың қалалық шекарадан БАКАД-қа дейінгі бөлігін Алматы облысының әкімдігі 2023 жылдың соңына дейін жүзеге асырады. Бұдан өзге, ұзындығы 500 метр болатын Момышұлы көшесінен Яссауи көшесіне дейінгі учаскедегі жұмыс метрополитеннің екінші кезеңіндегі «Достық» бекетінің құрылысы аясында жүзеге асырылады.

Осылайша биылғы жылдың соңына дейін Абай даңғылы Момышұлы көшесінен Наурызбай ауданының әкімшілік орталығына дейін, ал 2023 жылдың соңында БАКАД-тан қала шекарасына дейін ұзаратын болады.

Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін 3,2 шақырымға ұзарту жоспарланған. Жоба бойынша 6 жолақты жолдың құрылысы, әр бағытта 3 жолақ, жаяу жүргіншілер тротуарлары, велосипед жолдары және жаяу жүргіншілер өткелдері қарастырылған.

Көшенің осы бөлігінің құрылысы жолайрығымен қоса алғанда Алатау ауданының шағынаудандары мен қала маңындағы елдімекендерді қаланың негізгі магистральдарымен байланыстырады және маңызды көлік дәлізін жасайды.

Наурызбай ауданындағы Алатау көшесі Сәбденов көшесінен Райымбек даңғылына дейін созылады, ұзындығы – 2 шақырым. Жоба бойынша 4 жолақты жол қарастырылған. Жұмысты қыркүйек айына дейін толық аяқтау жоспарлануда. Осы учаске құрылысының аяқталуы Абай даңғылын үңгілеумен бірге Наурызбай ауданының

апаттарда жаракат алғандар мен қаза болғандардың санын төмендетуге бағытталған «Vision Zero» бағдарламасы туралы айтты.

«Біз қауіпсіз, қолжетімді әрі жайлы көше инфрақұрылымын құруға тырысамыз. Негізгі басымдық – жаяу жүргіншілер қауіпсіздігі», – деді Б.Сағынтаев.

Бағдарлама аясында 2020 жылы 316 учаскенің жолына қисық төсемдер орнатылды. Сондай-ақ, 120 мектептің алдына 18 трапеция тәрізді өткелдер қойылды, оның 16-сы мектеп алдына; 15 бағдаршам нысаны салынды, 115 жаңа реттелмеген жаяу жүргіншілер өткелі жабдықталды, 10 қауіпсіздік аралы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болу үшін жерасты өткелдерінің жанында бағдаршамдары бар 5 жердегі жаяу жүргіншілер өткелі бар.

Биыл бағдарлама жалғасын тапты. 20 қауіпсіздік аралдарын жабдықтау, 34 бағдаршам объектілерін, 28 жаяу жүргіншілер бағдаршамын орнату, жарықтандырумен реттелмеген 30 жаяу жүргіншілер өткелдерін ұйымдастыру жоспарланған.

Мектеп алдында 20 трапеция тәрізді өткелдер ұйымдастыру жоспарлануда. Велосипедшілердің қауіпсіздігін арттыру үшін қаланың велосипед жолдарының бойына 2000 жол бөгейіштері (боллар) орнатылады.

Алматыда жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында құқықбұзушылықтың алдын алу мен бақылаудың заманауи технологияларын енгізу жалғасуда. Өткен жылы «Сергек» камераларының саны 464 кешенде 2,3 мыңнан астам бірлікке жеткізілді.

Камералар өздерінің тиімділігін көрсетті: жолдардағы өлім-жітім 48%-ға, жазатайым оқиғалар саны 29%-ға азайды. Өткен жылы камералардың көмегімен 900 мың құқықбұзушылық анықталды. 2021 жылдың қаңтарынан маусымына дейін 600 мыңнан астам құқықбұзушылықтар тіркелді.

Жүйе қылмыстық құқықбұзушылықтарды шешуде белсенді қолданылады. Осылайша «Сергек» камераларының кө-

парлау мәселелері бойынша тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету кіреді.

Кеңес қала әкіміне көлік инфрақұрылымын жақсарту, көлік инфрақұрылымы жобаларын мониторингілеу мен бағалау, соның ішінде МЖӘ аясында ұсыныстар енгізеді. Көлік саласында туындайтын қоғамдық мәселелер бойынша әкімдікке кеңестер береді.

Қоғам белсенділерімен талқыланған мәселелердің бірі – велосипед инфрақұрылымын дамыту. 23 көшедегі велосипед жолдары мен велосипедшілердің жалпы ұзындығы 89 шақырым. 1460 велосипеді бар Almaty Bike велотізбегінің 187 станциясы орнатылған. Бұл қызметтің 50 мыңнан астам пайдаланушысы тіркелген.

2020 жылы 4 көшеде 7 шақырым велосипед инфрақұрылымы абағтандырылады. Биыл 5 шақырымға тағы 10 шақырым велосипед пен велосипедшілер жабдықтау жоспарланған.

Сонымен қатар, тамызда Алматы қаласының велосипед пен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту стратегиясын бекіту жоспарланып отыр.

Бұл құжат велосипедпен жүру мен жаяу серуендеуді қауіпсіз әрі тартымды ету үшін даму индикаторын және іске асыру жоспарын белгілейді. Осылайша қазіргі заманғы қаланың бірнеше мәселелері шешілетін. Яғни ауа тазарады, сосын әсіресе жастар арасында белең алған селкостықпен күресуге септігін тигізбек.

Тұсаукесерден кейін шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев Алматыдағы жол инфрақұрылымына қатысты бірқатар маңызды сұрақтарға жауап берді.

Сұрақ: – Тұсаукесерден түсінгеніміз, қаладағы жолдарды салу, жөндеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Осы жолдарды салып жатқан мердігерлік компаниялар келісілген баға бойынша жұмыс істей ме? Бағалардың шарықтап өсіп жатқаны алаңдатады...

Бақытжан САҒЫНТАЕВ: – Бағалар жайында өте дұрыс айттыңыз, қазіргі

2021 жылы «VISION ZERO» бағдарламасы аясында

- 20 қауіпсіздік аралдарын жабдықтау
- Велосипед жолдарының бойына 2 мың жол бөгейіштері (боллар) орнату
- Мектептер алдында 20 трапеция тәрізді өткелдер ұйымдастыру
- 34 бағдаршам объектілері
- 28 жаяу жүргіншілер бағдаршамын орнату
- 30 жарықтандырумен реттелмеген 30 жаяу жүргіншілер өткелдерін ұйымдастыру

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНА ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАР

2020 жылы қандай жұмыстар жүргізілді?

- 83 шақырым тротуар
- 17 шақырым арық желілері

2021 жылға тапсырма

- 96 шақырым тротуар
- 22 шақырым арық желілері

30 маусымдағы нәтиже бойынша

- 38,3 шақырым тротуар
- 11,4 шақырым арық жүйесі



ЦИФРЛАНДЫРУ

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
САПАСЫ АРТАДЫ

Алматы әкімдігі Yandex. Cloud компаниясымен ынтымақтастықты іске асырады

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Баян

Қоңырбаев пен Yandex. Cloud компаниясының бас директоры Олег Коверзнев онлайн-режимде мегаполис аумағында бұлтты технологияларды дамыту жөніндегі келісімге қол қойды.

Түскен қоңыраулардың барлығы автоматты түрде өңделіп, тиісті қала қызметтеріне жіберіледі



Алматы Yandex.Cloud-тың жергілікті билік өкілдерімен ынтымақтастық барысында қалалық қызметтердің атқаратын жұмыстарының тиімділігін арттыратын алғашқы қала болып табылады.

Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев атап өткендей, ынтымақтастық

барысында қала тұрғындарының жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен өзара іс-қимылы жақсарту, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін жобаларды іске асыру жоспарланды.

Баян Қоңырбаев қаланың байланыс орталықтарының бірін роботтандыру жөнінде мысал келтірді.

«Түскен қоңыраулардың барлығы автоматты түрде өңделіп, тиісті қала қызметтеріне жіберіледі. Мұнда дауысты көмекшілер деп аталатындар қызмет атқарады. Бұл байланыс орталықтарының жұмыстарын жеңілдетеді», – деді Б.Қоңырбаев.

Yandex.Cloud компаниясының бас директоры Олег Коверзнев «Дауысты көмекшілер» жобасы танымал «Алиса» көмекшісінің идеясына негізделгенін, бірақ бұл жаңа мүмкіндігі бар басқа өнім екенін айтты.

«Дауыстық көмекшілердің арқасында колл-орталығындағы сұраулар өңделетін болады. Бұл жұмыс Мәскеу қаласында індет кезінде қоңыраулар көп болғанда сыналды. Қоңыраулардың бір бөлігі роботтармен өңделді. Дауыстық көмекшілер бірқатар ресейлік банктерге, Ресей поштасына бейімделген. Бұл технологиялар Алматыда да енгізілетін болады», – деді О.Коверзнев.

Алматыда «1308» қалалық байланыс орталығы автоматтандырылды



Дауыс көмекшілерін қазақстандық ұялы байланыс операторлары қолданады. Бүгінде тек орыс тілінде қолданылады, бірақ алдағы айда қазақ тілінде сөйлеу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, келісімшарт Yandex.Cloud-тың қала аумағында іске асырылатын хака-

тондар мен конкурстардың технологиялық серіктесі ретінде және жасанды интеллект пен үлкен деректер саласындағы пилоттық пен тесттік жобаларды қолдауды білдіреді.

«Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша біз «Ақылды қала» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Yandex.Cloud платформасымен келісімге қол қою арқылы біз ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен технологиялық бастамаларда оң нәтижеге қол жеткізуге ұміттенеміз. Сондай-ақ, Алматы тұрғындары үшін цифрлық жобаларды іске асыруға тек бұлтты технологияларды ғана емес, Яндекс компаниясының басқа да өнімдерін ұсынамыз. Сондай-ақ, үздік IT мамандардың 70%-дан астамы Алматыда тұрады, біздің міндетіміз олар үшін дамудың барлық жағдайын жасау», – дейді Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев.

Орта мерзімді перспективада денсаулық сақтау саласындағы бастамалар, оның ішінде медициналық кешкіңдерді талдау, өңдеу мен сақтау үшін медициналық шешімдерді қолдау жүйелері бойынша әрі деректерді сақтау үшін бірыңғай жүйені құру жөніндегі ұсыныстар болады.

Yandex.Cloud компаниясының бас директоры Олег Коверзнев компанияның қолдауы арқасында алматылық кәсіпкерлер мен стартаптар өздерінің цифрлық өнімдерін жасай алатынын айтты. Yandex.Cloud идеяларға да, жобаларды сүйемелдеуге де көмектеседі.

«Бүгінде өміріміздің кез келген саласын цифрландыруға болады. Біздің платформа қала тұрғындарына мүмкіндік береді. Теория жүзінде емес, іс жүзінде стартаптардың қандай өнімдер жасай алатындығын көрсету. Біздің практикалық жұмыс келісім-шартқа қол қойылғанға дейін басталды. Әрі қарай біз бүкіл Қазақстан білетін сәтті мысалдар мен нәтижелі істерді күтеміз», – деді Олег Коверзнев.

Yandex.Cloud өкілдері көптеген ресейлік фармацевтикалық компаниялар мен банктердің өз жүйелерін іске асыруға қолдау көрсеткендерін айтты. Мұндай тәжірибе Алматыда да енгізілетін болады. Қазақстанда қазірдің өзінде оң нәтижелер бар. Бүгінде бірқатар отандық компаниялар вакансияларға үміткерлерді іріктеу, офис қызметкерлерінің жұмыс уақыттарын жүйелеу кезінде жаңа технологияларды қолдануда.

Мұрат Әуезов – Сүлейменов сыйлығының
тұңғыш иегеріГүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақтың белгілі ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері, халықаралық «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының жетекшісі Олжас Сүлейменов биыл 85 жасқа толды. Әдебиет пен ғылымды ұштастырып, рухы биік еңбектерімен бүтін бір ұрпақты тәрбиелеген қаламгердің әлі де ұлтқа берері көп.

Биыл Олжас Омарұлының 85 жылдық мерейтойына орай Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында журналистика саласындағы ақын атындағы Халықаралық сыйлық ұйымдастырылды. Шараны ұйымдастырған – Қазақстан Журналистер одағы мен Қазақстан Журналистика академиясы.

Публицистика саласындағы Қазақстан Журналистика академиясының Олжас Сүлейменов атындағы халықаралық сыйлығына белгілі мәдениеттанушы Мұрат Әуезов, қазақстандық журналистиканың ардагері Тілеужан Есілбаев, ресейлік публицист Владимир Снегирев ие болды.

Мұрат ӘУЕЗОВ, мәдениеттанушы ғалым, қоғам қайраткері, Олжас Сүлейменов атындағы сыйлықтың тұңғыш иегері:

– Олжас Сүлейменовтің қайраткерлігі мен кемеңгерлігі өз алдына бір төбе. Олжаскеңнің атындағы халықаралық сыйлықты ол кісінің өз қолынан алу мен үшін үлкен бедел, жеке басыма сый құрмет. Тек мен ғана емес, біздің буын өкілдерінің, жалпы қазақтың рухын көтеріп, мәртебесін



биіктеткен Олжас Сүлейменовтің өлеңдері мен зерттеу еңбектері деп білемін.

Кенес заманында, сонау 1973 жылы Алматыда Азия-Африка жазушыларының конференциясы өткен еді. Ол тұста бізге тәуелсіздік үшін күрестің тәжірибесі керек болды. Сондықтан біз Азия елдері мен Африкадан келген жазушылармен достасып, ақыл-кеңес алмасып тұрдық. Әлем жазушыларының халықаралық форумына Олжас Сүлейменов сынды басқа да қаламгерлер қатысты. Бұның барлығы Олжастың есімімен байланысты. Одан кейін де біраз жыл өтті. «Қолда барда алтынның қадірі» жоқ деген сөз бар. Олжас Сүлейменовтей азаматтың ел үшін сіңірген еңбегі көзі тірісінде еленуі керек. Олжастай азаматты қиын кезеңде қазаққа бұйыртқан ол – тағдырдың сыйы.

«АҚШАМНЫҢ»
АНЫҚТАМАСЫ

Мұрат Әуезов – мәдениеттанушы, әдебиет зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының иегері. Қазақтың заңғар жазушысы – Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ұлы. Қытайда елші, Сорос қорының директоры, Ұлттық кітапхана директоры қызметтерін атқарған. «Дни своей долгой-долгой жизни» деген мақаласы «Дружба народов» журналының сыйлығын алған. 60-жылдары Алаш идеясын жаңғыртушы «Жас тұлпар» ұйымына жетекшілік еткен. Ол «Үлкен жол», «Гүл іспеттес жол», т.б. деректі фильмдердің, «Времен связующая нить», «Иппокрена. Хожение к колодцам времен», «Ділім» атты кітаптардың авторы.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Алматы қалалық Қазақстан халқы
Ассамблеясының XXII сессиясы өттіГүлжанат
СЕМБАЕВА

Кеше Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясы болды. Сессия жұмысы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Елорда күні қарсаңында өтіп отыр.

Кездесуде Ассамблеяның қалалық ұйымдарының, оның ішінде Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығының, Қоғамдық келісім кеңесінің және ҚХА Аналар кеңесінің 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жұмыстарының қорытындылары шығарылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен ҚХА-ның XXIX сессиясында қабылданған шешімдер мен ҚР Президенті – ҚХА Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған міндеттерді ескере отырып, екінші жартыжылдықта атқарылатын жұмыс жоспарлары қарастырылды.

Алматы қалалық ҚХА Хатшылығының мәліметінше, жыл басынан бері мегаполисте 100 әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар өтті. «30 игі іс» республикалық қайырымдылық марафоны аясында өткізілген іс-



шаралар азаматтық қоғамды дамытуға, балалар мен жастарды тәрбиелеуге, толеранттылық идеяларын нығайтуға бағытталған. Сонымен бірге, COVID-19 пандемиясына қарсы күресте алдыңғы шепте жүргендерді: дәрігерлер мен медбикелерді, санитарлар мен еріктілерді, тәртіп сақшыларын қолдауға басты назар аударылды.

Сонымен қатар, бірінші жартыжылдықта Ассамблеяның құрылымдық ұйымдары мен этномәдени бірлестіктер өкілдерінің күшімен

80 қайырымдылық іс-шара өткізіліп, оның аясында 5130 отбасыға жалпы сомасы 73 миллион теңгені құрайтын материалдық көмек көрсетілді.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров жұмысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қойған міндеттерге сәйкес, атап айтқанда, Қазақстан халқын азаматтық бірегейлік пен бірлік қағидаттарында топтастыруға бағытталған ҚХА-ның арнайы жобаларын іске асыру бойынша құруды тапсырды.



«Akimat LIVE»:

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

Алматыда әрбір алаң тұрғындар пікірін ескере отырып абаттандырылуда



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев қатысқан Akimat LIVE бағдарламасының тікелей эфирінде тұрғындардың бірі «Тереңқұр» жаяу жүргіншілер аймағын реттеу туралы мәселе көтерген болатын. Бұл ретте Алматы қаласының әкімі аталмыш алаң тұрғындардың пікірін ескере отырып абаттандырылатынын жеткізді. Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарының қазіргі кезде «Тереңқұрды» абаттандыру нәтижелері туралы асығыс қорытынды жасамаулары тиіс екендіктерін атап өтті.

Қала аумағында бірегей табиғи парк құрылды

«Тұрғындардың барлық тілектері ескеріледі. Тіпті, қалалықтар үшін жайлылығы және ыңғайлылығы жағынан осы жаяу жүргіншілер аймағы мегаполистегі үлгілі аймаққа айналады», – деді Алматы қаласының әкімі.



Өткенде біз «Тереңқұр» жаяу жүргіншілер аймағын аралап қайттық. Кіші Алматы өзенінің бойында орналасқан «Тереңқұр» жаяу жүргінші алаңы керемет жай-қалып келеді. Ұзындығы 9 шақырымдай болатын жаяу жүргіншілер жолының абаттандыру жұмысы

аяқталып қалыпты. 5 мыңға жуық бұталы өсімдік отырғызылып, жасыл қор ретке келтірілген. Өзен арналары жөнделіп, іші құмнан тазартылған. Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін орындықтар жаңартылып, теңіз деңгейінің биіктігін көрсететін навигациялық



стендтер мен ақпараттық стелалар қойылған.

Мақатаев көшесіндегі көпір қайта жөндеуден өтіп, гидротехникалық құрылыс жаңартылды. Бұл – Кіші Алматы өзенінің өткізу мүмкіндігін минутына 0,5 текше метрден 2,5 текше метрге дейін ұлғайтты. Екі метрлік жерлер барынша үш метрге дейін кеңейтіліп, асфальт ауыстырылды. Осылайша қала аумағында бірегей табиғи парк құрылды.

Айта кетейік, Тереңқұр демалыс аймағы спорт үшін де, яғни жүгіру немесе серуендеуге таптырмайтын көптеген азаматтардың сүйікті орны.



ИНТЕРНЕТ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Akimat LIVE бағдарламасында қала тұрғындарының бірі мегаполис басшысы Б.Сағынтаевтан Алматыда интернет сапасын жақсарту үшін қандай шаралар қабылданып жатқанын сұрады. Шаһар басшысы Алматыда интернетке қолжетімділік және оның сапасын жақсарту бойынша көп жұмыстар жасалғанын жеткізді.

«Пандемия кезінде бұл мәселе біздің алдымыздан шықты. Нәтижесінде бізде Алматы қаласы бойынша 200-ден астам нүкте бар, байланысы нашар болғандары жабылды. Қала және агломерация периметрі бойынша жекеменшік сектордағы нүктелерді жабуға назар аударылуда», – деп атап өтті Б.Сағынтаев.



Біз қалада интернет сапасын жақсарту үшін қандай шаралар қолға алынғандығын білу үшін қалалық Цифрландыру басқармасына хабарластық.

Аталмыш басқарманың мәліметінше, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұялы байланыс операторларымен бірлесіп, антенна-дінгек құрылыстарын салу және базалық станцияларды орнату үшін 67 нүкте анықталған болатын. Бұл нүктелер ұялы байланыс операторлары мен Алматы қаласы әкімдігінің өкілдерімен келісілді. Мекенжайлардың ішінен 6 нүкте барлық қажетті инстанциялардан оң қорытынды алды, біреуі санитарлық нормаларға қатысты мәселе болды, бірақ санитарлық паспорт алынды.

«LC Commerce» ЖШС компаниясымен жаңа 25 нүкте бойынша зерттеулер жүргізілді және «МТ-С» ЖШС-мен радио-жоспарлау бойынша мәселелер келісілді. «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС осы



нүктелер бойынша санитарлық паспорттарды алу үшін жұмыс істеуде.

«Кар-Тел» ЖШС 12 жаңа станцияны іске қосты, сондай-ақ 3 нүкте бойынша жұмыстар жүргізілуде. Қосымша, Алматы қаласының жақын мекенжайлар бойынша 9 базалық станция іске қосылды.



«Kcell» АҚ жаңа базалық станцияларды монтаждау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан 6 мекенжай бойынша «Ақжар» шағынауданындағы Әншіқұм к-сі, 1 (Наурызбай ауданы), «Заря-Восток» шағынауданындағы Садовая к-сі, 166 (Алатау ауданы) және Абай к-сі, 90 (Бостандық ауданы) станцияны іске қосты. Қалған 3 нүкте бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бүгінгі таңда Білім басқармасымен бірлесіп, интернеттен қиындықтар байқалатын нүктелер пысықталуда, сондай-ақ Білім басқармасы берген нүктелер бойынша кемінде екі мобильді оператор қамтылған.

Сондай-ақ, жеке инвесторлар «Билайн» компанияларының жаңа станциясын іске қосты. «Кеңсай» шағынауданында ағымдағы жылдың желтоқсан айының ортасына жоспарланған жаңа базалық станцияны орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОҢ ШЕШІМІН ТАПТЫ



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың Әуезов ауданының тұрғындарымен кездесуінде «Тастақ» шағынауданының, Юбилейная, Лазарев көшелерінің, сондай-ақ «Тау Самалы» ТК тұрғындары көтерген бірқатар сұрақтар оң шешім тапты.

Бүгінгі күнде Үлкен Алматы өзенінің бойындағы жағалау аймақтарын абаттандыру және балалар алаңын жайластыруға қатысты жұмыстар жүргізілді.

«Жандосов көшесіндегі скверді ағымдағы жөндеу» жобасы бойынша бүгінгі күні көгалдарды төсеу, жасыл желектерді отырғызу және



асфальт жабынын жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда аталған жұмыстарды орындау бойынша өтініштер Әуезов ауданының әкімі Сайран Сайфеденовтың Жандосов көшесі, №166, №168, №180, №182 үйлерінің тұрғындарымен кездесуінде де айтылған болатын.



Сондай-ақ, «Жексенбаев көшесінен Яссауи көшесіне дейін Райымбек даңғылының оңтүстік жағын ағымдағы жөндеу» жобасы бойынша бүгінгі күні көгалдар төсеу, жасыл желектер отырғызу, балалар және спорт алаңдарын орнату, тротуар плиткаларын төсеу, сыртқы жарықтандыру желілерін орнату және асфальт жабынын жаңарту жұмыстары жүргізілді.



Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:


ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ МЕН РУХЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Тегінде қазақ үшін домбырадан қасиетті, домбырадан қастерлі жәдігер жоқ. Бүгінгі өркениетті заман тілімен айтсақ, күллі қазақ өзі шешен, өзі көсем осынау құндылықты асыл мұраға, ұлттық брендке балайды. Домбыра халқымыз үшін қашанда қылыштан өткір, құрыштан берік киелі аспап болғаны тарихтан белгілі.

Домбыра күні белгіленіп, бұл күннің ұлттық мерекеге айналуы – ұлттық руханиятымызға берілген лайықты баға. Сондықтан ұлттық өнеріміз бен мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды әлемге асқақтататын қазақтың қасиетті қара Домбырасының ұлықталуы – заңдылық деп білеміз. Өйткені, бұл аспап қазақ үшін жай ғана музыкалық аспап емес, киелі құндылық. Домбыра мен күй ЮНЕСКО шешімімен адамзаттың материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енді.

теді. Тындаушысын жігерлендіретін төкпе күйлер мен сыршыл шертпе күйлер қазақтың табиғатын танытады. Күміс көмей әншілеріміз домбыраны қолына алып, сайын даланы жаңғыртып, әуелетіп ән салған. Қастерлі аспап бүгінде симфония мен операға әр беріп, классикалық өнердің ажырамас бөлшегіне айналып келеді. Ол қазақтың брендін мен паспорты, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас келбеті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға домбыра ерекше үлес қосады. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Сүгірдің, Қазанғап пен Динаның күйлері мен паспорты, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас келбеті. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы арқылы ұлттық мәдениетімізді әлемге танытуға домбыра ерекше үлес қосады. Құрманғазы мен Дәулеткерейдің, Тәттімбет пен Сүгірдің, Қазанғап пен Динаның күйлері мен паспорты, ешкімге ұқсамайтын қайталанбас келбеті. ЮНЕСКО шешімімен домбыра мен күй адамзаттың материалдық



– Домбыра – қазақтың жаны, рухы, тарихы, салт-дәстүрі, бүкіл бітім-болмысы деп айтуға болады. Ол Ұлы даланың төсінде ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасап келе жатыр. Бір кезде Майтөбенің тұсынан домбыраның суреті бар таңбалы тас табылғанын бәріміз білеміз. Ғалымдар ол сурет берісі төрт мың, арғысы алты мың жыл бұрын бедерленгенін дәлелдеп отыр. Арал маңында домбыра ұстаған адамның мүсіні біздің дәуірімізден IV ғасырдың мұрасы болыпты. Ал Алтайдан табылған ата домбыра біздің дәуірімізден V ғасырға тиесілі. Көріп отырсыздар ма, Алтайдан Атырауға дейін бүкіл Қазақстанның даласы төрт мың, бес мың жылдан бері осы домбыраның үнін естіп күмбірлеген, қуанышты да, өкінішті де домбырамен әкеле жатыр. Ол бүкіл біздің даламыздың, барлық қазақтың бір екенін, жанымыздың да, қанымыздың бір екенін дәлелдейтін өте нақты нәрсе. Мойнына көне түркі таңбасы мен жұпар күй әуені бізді сүйсіндіреді деп жазылған аспап сонау Күлтегін заманынан бері келе жатыр. Одан бері қилы замандардың бәрі домбыраның көмейінен күй болып төгіліп, тарихтан сыр шер-

емес мәдени мұраларының тізіміне енді. Елімізде қасиетті қара домбыраға деген құрмет ешқашан төмендеген емес. Осыдан біраз жыл бұрын астанада күй атасы – Құрманғазының ескерткіші бой көтерді. Алматыда әйгілі күйші Нұрғиса Тілендиевтің еңселі ескерткіші орнатылды. Осының бәрі домбыра мен күй өнерінің ғасырлар бойы даламызды сазбен тербеткен күйшілерді қадірлеудің көрінісі болып табылады, – деген еді еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Расында да, елімізде ұлттық ұлыққа деген құрмет ешқашан төмендеген емес. Халқымыз домбыраға үкі тағып, төріне ілген, жыры-күйшілерді төбесіне көтерген. Ол – көнеден қалған асыл мұрамыз, көзіміздің қарашығы әрі ұлттық кодымыздың бір бөлігі. Олай болса, бүгінгі қазақ жастары да домбыраның үнінде сөйлеп, тілінде хат алмасуы керек-ті. Өйткені, қазақтың қара домбырасына қара өлеңнен ескерткіш қойып кеткен белгілі сөз зергері Қадыр ақын тұжырымдағандай: «НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА!».

Т.ДЕРЫСАЛИН.

Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар. Қазақтың бекзат болмысы мен асыл қасиеттері қашан да әнмен әрленіп, күймен көмкерілген. Халқымыздың төл өнерін төрімізден түспеген домбырасыз елестету мүмкін емес. Ұлттық рухты күмбірлеген күйден артық көтеретін дүние кемде-кем. Біз ұлттық аспабымыздың бүкіл әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналғанын мақтан етеміз. Атадан балаға аманат болған осындай асыл қазынамызды қадір тұту – бәріміздің қасиетті борышымыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Абадан ТЛЕУБЕРГЕНОВА,

Нұрғиса Тілендиевтің мемориалдық музейінің қызметкері:

«ДАРИҒА-ДОМБЫРА»

Дарынды сазгер Нұрғиса Тілендиев бұл домбырасымен ғажап туындыларды дүниеге әкеліп, қазақтың күмбірлеген күйі мен әуезді әндерін бүкіл әлемге танытты

Музыка – адамзаттың әмбебап тілі. Ол біздің жан-дүниемізді байытып, әсіресе ұлттық санасалтымызға, дәстүрімізге әсері зор екені бәрімізге белгілі құбылыс. Бұл сиқырлы да сырлы дыбыстар адамды бірде қуаныш-шаттыққа, енді бірде мұңға бөлеп, баулитын сиқырлы күш. Нұрғиса Тілендиевтің шығармаларын оқыған сайын осындай ойға келеміз. Бойына үш бірдей өнер қонған Нұр-аға әуелі – композитор. Дүниеге қазақтың көзімен қарап, қазақша ойлайтын және сол үнде жазатын композитор. Екіншіден, ол – дәулескер күйші. Өз шығармасына қалай тағаммен қараса, өзгенің күйлеріне де сондай сергек қарайды. Алалау жоқ. Өнерге адал. Үшіншіден, ол – шебер дирижер. Композитор, дирижер, КСРО және КазССР Халық әртісі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Халық Қаһарманы» атағының иегері – Нұрғиса Тілендиев (1925–1998) туған халқының нағыз мақтанышы, ол – тәуелсіз елінің рухани символы ретінде құрметтеледі.

Нұрғиса ағамыз бала кезінен әкесі Тілендіден домбырада ойнауды жетік меңгерген. Әкесі жанында отырып, даланың үнін, күйін тыңдап өскен баланың құлағына қандай да бір күй ырғағы немесе ән әуені келсе, соны нақышына келтіріп, дәлме-дәл орындайтын болған. Бұл музыка саласында «соль-феджио» деп аталады. Осындай ерекше дарын мен талантқа ие болған сайыпқыранның ең алғаш қолына алған музыкалық аспабы – Домбыра.

Нұрғиса Тілендиевтің өмірі мен өнері жолында жақсы көріп шертетін үш домбырасы болған. Сол домбыралардың ішіндегі көзінің қарашығындай сақталған құнды мұраларының бірі – «Дариға-Домбырасы».

Дариға-Домбыраның тарихы да ерекше. Нұрғиса ағамыздың бір сөзінде «Менің қаршадайымнан музыка жолына түсіп, әуес болғаным Ахмет Жұбановтың арқасы. Ахаң орындаған күйлердің үні көкейімде әлі күнге сайрап тұр, ол маған күйлерді үйретіп, түсіндіріп қана қоймай, өзінің төрде тұрған домбырасын сыйлады. Ал мен болсам Ахаңды әкемдей сыйлап өттім» дегені бар.

Ахмет Қуанұлы Жұбанов (1906–1968) – қазақ музыкасын зерттеуші көрнекті ғалым, әйгілі композитор, дирижер. 1928 жылы Нұрғисаның әкесі Тіленді бір қажыдан Алматыдан үй сатып алады. Тегінде Тіленді дәулетті кісі болса керек. Тіленді – дәулескер күйшілігімен аты шыққан адам. Бала Нұрғиса әкесі өмірден өткен соң одан үйренген ән-күйлерді жалықпай қайталап, үй жанындағы қорада үйлі тұрған шөптің үстінде шертіп отырады екен. Әкесі қайтыс болғаннан кейін әдеттегідей домбыра шертіп отырғанында, ту сыртынан біреудің: «Әй, бала, бері келіп кетші», – дегенін естиді. Тесіліп қараған бейтаныс адамнан жасқанған ол асық ойнаған балаларға қосылып кетеді. Сәлден кейін анасы шақыртып қайтып келсе, бейтаныс кісі үйде шай ішіп отыр екен. Анасы Нұрағана: «Тұқатай күнім, мына қонақ ағаң сенің

өнерінді көргісі келіп отыр. Ағана бір күй орындап берші», – деп өтінеді. Тартынып қалатын Нұрғиса ма? Әкесінен үйренген «Терісқапдайы» орындап береді.

Бұл қонақ Ахмет Жұбанов еді. Нұрғисаға тағы біраз күйлерді тартқызып, өнеріне риза болады. Кейін анасы Салихаға қолқа салып, баланы оқыту керектігін айтып, музыка мектебіне алып барады. Ондағылар «бес жастағы баланы мектепке алмаймыз» деп қайтарып жіберген соң Ахаң 1927 жылы туған Нұрғисаны 1925 жылы дүниеге келді деп жаздырып, музыка мектебіне оқуға түсіреді. Атабаев Нұрғиса Тілендіұлының тегі осылайша Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы болып өзгертілді.

1934 жылы көрнекті ғалым, композитор, дирижер Ахмет Жұбанов 11 адамнан тұратын Қазақ ұлттық халық оркестрін ұйымдастырды. Ол Нұрғисаның тума талантын бірден танып, жас жігітті осы оркестр құрамына домбырашы ретінде қабылдайды. Нұрғиса Тілендиевтің үлкен өнер өлкесіндегі алғашқы қадамы осы оркестрден басталып, небәрі 14 жасының өзінде Құрманғазы атындағы оркестрде өзінің дирижерлік қасиеттерін көрсетеді. Дарынды дирижер оркестрді басқарған жылдары тек дирижер ғана болып қоймай, талантты композитор ретінде Қазақстан композиторларының оркестрге лайықты аспаптық шығармалары мен



жақсы, бірақ білікті адам басқарып, өрісін кеңейту керек. Сен қалай қарайсың, егер осыны саған міндеттесек?», – дейді. Нұраға бірден келісімін бермей «Біріншіден, Құрманғазы оркестрінде азынаулақ дирижерлік еткенім болмаса, негізі маманданған салам – опера, симфониялық оркестр дирижерімін», – деп жауап береді.

Дінмұхамед Қонаев «Ұлттық музыкамыз келбетінен айырылып барады, осының алдында ғана

«Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы да қасиетті музыкалық аспабы домбыраның бірде күмбірлеген, бірде шертілген ойлы дыбысы құлаққа жазымды, жүрекке жақын, оның күмістей сыңғырлаған үні талай сырдың басын қайырады. Сымдай тартылған қос ішектен сан ғасырдың сан алуан сипаты ақыл-ойы, көңіл күйі жатыр. Домбыра – көшпелі елдің көнекөз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі».

Ахмет ЖҰБАНОВ.

әндерін молынан ендіріп, репертуарлық қордың барынша толығына тәуіне зор ықпал етеді. 1979 жылы «Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияның» жанынан Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның ұлттық аспаптарда ойнайтын 8 студент пен оқытушыдан құралған «Отырар сазы» ансамблі құрылады. Ансамбльдің жетекшісі музыка мәдениетін зерттеуші, белгілі этнограф-ғалым Болат Сарыбаев болды. Ансамбльдің атын да өзі қойды. Ел ішін аралап жүрген Болат Сарыбаев ежелгі Отырар қаласынан табылған саз-сырнай аспабын алады. Ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастық болсын деген ниетпен ансамбльдің атын көне музыкалық аспаптың атымен «Отырар сазы» деп қояды. Нұрғиса Тілендиев 1982 жылы «Қазақфильм» киностудиясында музыка жағынан бас редактор болып қызмет атқарып жүрген кезінде Қазақстан Орталық Компартисы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев композиторды шұғыл түрде шақыртып, «Жамбыл атындағы филармония жанынан оншақты адамнан құрылған фольклорлық ансамбль бар дейді, талаптары

мәдениет министрімен келістім, сенен қолайлы кісі жоқ, қолға ал», – деп нақты тапсырмасын береді. 1982 жылдың 3 қыркүйегінде Д.Қонаев тарапынан берілген тапсырма бойынша сол жылдың 1 қазанында Қазақстан Республикасы Министрлер кеңесінің қаулысымен «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі құрылып, сол жылдың қазан айының 17 жұлдызында «Жамбыл атындағы филармонияның» концерттік залында алғашқы концертін қояды. Содан бері 17-ші қазан – оркестрдің құрылған күні болып аталып келеді. 8 студент пен оқытушыдан құралған «Отырар сазы» ансамблі Нұрғиса Тілендиевтің басшылығымен 60-тан астам музыкант жұмыс жасайтын оркестрге айналады.

«Отырар сазы» оркестрі қос ішекті, үш ішекті домбыралар, қобыз, сыбызғы, саз-сырнай, жетіген, шаң қобыз, асатаяқ секілді ертеден белгілі музыкалық аспаптарды қолданып, гастрольдік сапарларға шыққан.

«Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі 27 рет шет елде болып, бүкіл әлем таныған ауқымды ұжымға айналып, үлкен табысқа жетті. 1999 жылы қарашаның 5-ші жұлдызында



оркестрге Нұрғиса Тілендиевтің есімі берілді. Қазір оркестр «Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі» деп аталады. Бүгінде ұрпақтар сабақтастығы ретінде оркестрге Нұрғиса Тілендиевтің қызы – Дінзүһра Тілендиева жетекшілік етеді.

Әлқисса! Дариға-Домбыраның тарихына қайта оралатын болсақ, 1937 жылы домбыраны Ахмет Жұбанов Нұрағаға сыйға тартқан. Домбыраны жасаған сол уақыттағы Тула қаласының атакты шеберлерінің бірі – Романенко Эмануэль Иосифович еді. 1930 жылдардың басында Ахмет Жұбановтың шақыртуымен ағасы Бориспен бірге Қазақстанға келіп, осында жұмыс істеп, өмір сүрген.

1932 жылы Ахмет Жұбановпен бірлесе отырып оркестр аспаптарының алғашқы үлгілерін – домбыра мен қобызды жасап шығарған болатын.

1934 жылы Ахмет Жұбанов музыкалық-драмалық техникум базасында республикадағы алғашқы халық аспаптар оркестрін құрды. Техникумда домбыра мен қобызды оркестрлік диапазонға сәйкестендіру үшін тәжірибелік шеберхана ашылды. Қазақ музыкалық аспаптарын жетілдіруде Эмануэль Романенко өзінің ағасы Бориспен, сондай-ақ Павлодардан келген бірегей және талантты шебер Комар Қасымов, композитор Евгений Брусиловскийдің Ленинградтан Ахмет Жұбанов арнайы шақыртып, бірге жұмыс атқарған. Сол кезде қазақтың музыкалық аспаптарының алғашқы үлгілері жасалды.

Нұрағамыз бұл домбыраны содан бері қанша уақыт өтсе де, көздің қарашығындай сақтап, өзінің өмірлік серігі Дариға Тілендікелінінің атымен «Дариға» деп атаған. Дарынды сазгер бұл домбырасымен ғажап туындыларды дүниеге әкеліп, қазақтың күмбірлеген күйі мен әуезді әндерін бүкіл әлемге танытқан. Композитордың «Дариға-Домбырадан» бөлек «Сұлтан», «Мархаба» деген домбыралары да болған. Ұлы композитор «Қыз Жібек» көркем фильмінде «Аққу» күйін тартқан домбырасына киноның режиссері Сұлтан Қожықовтың есімін қойып, «Сұлтан» деп атаған. Ол домбыра сол фильмде аққуларды көлге қондырған домбыра болатын. Тағы бір домбырасына өзінің жеңгесінің есімін беріп, «Мархаба» деп атаған. Осы қос ішекті киелі домбыралардың ішіндегі ең ғажабы, ең кереметі осы «Дариға-Домбыра». Нұраға «Дариға-Домбырасын» өте қатты жақсы көрген, үлкен концерттерге Дариға-Домбырасыз шықпаған.

Нұрағамыздан қалған осы қоныр домбыраның құндылығы өте жоғары, қазіргі таңда «Дариға-Домбыра» Нұрғиса Тілендиев атындағы мемориалдық музейінің ең асыл жәдігерлерінің бірі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Домбыраны ең алғаш төрткүл дүниеге танытқан Әміре Қашаубай. Ол 1925 жылы Франция еліне сапар барысында Париж төрінде домбырамен ән шығарып, Еуропа халқына қазақ мәдениеті мен өнерін паш етті. «Балқадия», «Қараторғай», «Дударай» сияқты көптеген қазақ әндері Еуропа сахнасынан әуеледі. «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Қанапия», «Үш дос» әндері үшін Әміре Қашаубайға көрменің екінші сыйлығы табыс етіліп, ол күміс медаль алды. «Париж апталығы» газеті мен «Ле музыкаль» журналы Әміренің сирек кездесетін талант екенін жазды, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа Әміренің орындауында бірнеше ән жазып алды. Олардың бәрі ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасып, халықтың жадында сақталып келеді.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жаздың алғашқы айы басталысымен бүлдіршіндеріміз, тіпті егде жастағы ата-апаларымыз да күй құдіретіне бас иіп, үйірмелерде бой көрсетіп жүргенін байқадық. Солардың ішінде көзге түсіп, көңілімізге үміт отын жаққандармен сұхбаттасқан едік.

Айғаным АХМЕТАЛИЕВА, шәкірт:



– Менің домбыра үйірмесіне қатысып жүргеніме 4-5 ай болды. Үйірмеге барып жүргенімді естіген достарым, сыныптастарым тарихи тағылымы бар күйлерді шебер шерткенімді көріп, қатты қызықты. Сол кезде жазғы демалысымды бекер өткізбей, музыкалық аспапты үйренуге жұмсағанымға қуандым. Қазіргі

таңда карантиндік талаптар күшейтілгендіктен, ағайымыз бізді екі-үш баладан ғана қабылдайды. Әр сағатымызды текке өткізбеуімізді қатаң қадағалап, күйді шертіп қана қоймай, оның құдіретін түсінуге, бойымызға сіңдіруге бар күшін салады. Қазіргі таңда жасым небәрі 10-да ғана болса да, домбыраны қолыма алысымен-ақ өзімді кең далада емін-еркін жүргендей сезінемін. Осы аспаптың аркасында өзімді ұстамдылыққа, сезімталдыққа тәрбиеледім. Болашақта Дина апайымыздың жолын жалғап, әлемдік деңгейде өнер көрсетіп, қазағымыздың атын шартарапқа шығарсам деймін.

Өнерде шекара болмайды деген сөз рас-ақ. Хән Джун есімді жасөспірім Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында туған. Ұлты басқа болса да, жүрегі қазақ деп соққан ол қазақ халқының ұлттық киімі мен тағамдарын, ұлттық аспабы – домбыраны қатты ұнатады екен.

Тәлет РАХЫМБАЙ, ұстаз, домбырашы:



– Өзімде ең алғаш мектеп қабырғасынан бастап үйірмелерге қатысқан болатынмын. Жақындарымның арасында өнерге ешкімнің қатысы болмағандықтан, домбыраға деген құштарлығым бала кезімнен қалыптасса керек. Орта мектепті тәмамдағаннан кейін ата-анамның қолдауымен, ұлттық аспабымызда ойнауды әрмен

қарай дамытып, өнердің биік шыңдарын бағындыруға бел байладым. 16 жасымда П.Чайковский атындағы музыкалық колледже түсіп, көптеген конкурстарда лауреат болдым. Nomad Way көшпенді мәдениеттің халықаралық музыкалық фестивалінде жүлделі бірінші орынды қанжығама байладым. Сондай-ақ, Республикалық олимпиаданың бірінші орнын иелендім. Қазір Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2-курсын тәмамдап отырмын. Бүгінгі күні екі ішекті, көп пернелі аспабымыз қала тұрғындарының жүрегінен орын алып, құлақтарына күмбірлеген үні сіңісін деген ниетпен «Арбат», «Атакент» секілді адамдар көп жиналатын орындарға барып, күн сайын ақшам уақытында қазағымыздың ғажап күйлерінен жыр тарту етеміз. Бұл бір жағынан, өзімізге кішкене болса да тиын-тебен, екіншіден, халқымыздың жандүниесін рухани жаңғырту болып табылады.

Ұлттың музыкалық тілі



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Даланың үніне айналған қасиетті домбыраға арнайы күн белгілеу бүкіл қазақ халқын, әсіресе күйші, домбырашы секілді өнер адамдарын ерекше қуантты.

Күй өнерінің белді өкілі, күйші, композитор, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Айгүл Үлкенбаеваның шәкірті Әйгерім Ғабитқызы 10 жасынан бастап домбыра тартады. Репертуары халық композиторларының күйлеріне толы. Одан бөлек, өзінің авторлық күйлері де жарыққа шығуда. Ең алғашқы авторлық күйі – «Сағымды» 2016



жылы шығарды. Бүгінде күйшінің авторлық жеті күйі бар.

«15 жылдан астам уақыт ұстаздық етіп келемін. Қазір өзімнің жеке «Ай-күй» өнер-білім студиямда мықты, әртүрлі домбыра байқауларында оқ бойы озық шыққан шәкірттерді тәрбиелеу үстіндемін. Ұлттық өнерге, домбыраға жастардың қызығушылығы артып, көбейіп

Чон Хән ДЖУН, шәкірт:



– Мен Кореяда туып, сол жақта өскендіктен, қазақ халқының ұлттық аспабы – домбыраға сырттай қызығатынмын. Алайда, жасым 18-де болғандықтан, үйрену біршама қиын болар деп ойладым. Бір күні анашым ұстазым Тәлеттің домбырамен өнер көрсетіп жатқанын жолай көріп, сыртынан бес-алты күндей бақылаған көрінеді. Тіпті видеоға түсіріп, маған көрсетті.

Сол кезден бастап жап-жас болса да, біздің жүрегімізді тербеткен Тәлеттің өнеріне тамсанып, таңдай қақтық. Мен де сол секілді қасиетті кара домбыраның «құлағында»

ойнауға бел байладым. Осы аспапты үйретші деген бұйымтаймен, өзі өнер көрсетіп жүрген орынға бардым.

Осылайша айналасы бір айдың ішінде Тәлеттен 7 бірдей күйді үйреніп алдым. Бастапқыда қиындықтар болды, бірақ қызығушылығымның арқасында ақырындап шертуді үйрендім. Қазіргі таңда осы күйлердің ішіндегі жүрегіме жақыны «Ерке сылқым». Себебі, оның әуенімен тарихынан шын сезімнің жүрек қылын жеткізуге болатынын сездім. Күйден қазақ қыздарының әдемілігін, жүріс-тұрысы мен қылықтарын сезінуге болады. Менінше, бұл күй барша қазақ қыздары бейнесінің жиынтығы.

Домбыраны үйренбес бұрын, ең маңызды мәселенің бірі – ұстаз таңдау. Себебі, бұл нәрседе тек музыкалық аспап игерген оқытушы ғана емес, сонымен қатар, шығармашылық ой деңгейімен дүниетанымы қалыптасқан тұлға болуы қажет. Бүгінгі таңда шәкіртін көркемдік парасаттылыққа, даралыққа, өнерді эстетикалық сұлулықпен ұштастыра қабылдауға баулитын ұстаздардың саны артып келе жатқанын айта кету қажет.

Домбыра туралы 5 қызықты дерек



- * Швейцариялық компания алтынмен апталған, күміспен әрленген домбыра шығарды. Оған 24 қаратты сауыр тасы бар саф алтын пайдаланылған. Құны – 50 мың еуро.
- * Гиннесстің рекордтар кітабына енген ең кішкентай домбыраның ұзындығы 4 см., 5 мм., ені 1 см., 4 мм. Бұйым шамамен бір айға жуық уақытта жасалған. Құлақтары, ішектері, сыртқабы да бар.
- * Домбыра туралы мәлімет 2013 жылы Гиннес рекордтар кітабына тағы бір мәрте тіркелген. Бұл жолы Атыраудағы жағдай сенсациялық жаңалық ретінде берілген. Қазақтың көрнекті күйші-композиторы Құрманғазының 190 жылдығына орай ұйымдастырылған музыкалық фестивальде 1000 домбырашы қатар өнер көрсеткен.
- * 2016 жылы 19 жасар Ерайдың Тасболат домбырамен Еуропаның және Ресейдің аса биік шыңы Эльбруста күй шертіп, елді таңқалдырған. Ол бұл өнерін ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту еткен.
- * Қытайдағы қандастарымыз дүние жүзіндегі ең үлкен домбыраны жасаған. Құлжадағы ағалы-інілі шеберлер Бақыткелді мен Бақытнұр Ареңғазылар ұзындығы 7 метр, шанағының кеңдігі 1,8 метр ұлттық аспапты жасап шыққан.

жатқаны қуантарлық жайт. Домбырамен тек күйді орындамаймыз. Басқа аспаптарға жазылған шығармаларды да емін-еркін домбыраның үніне саламыз. Бүгінде жастар домбырамен заманауи әндерді шырап, тіпті ән мен күйді көшедегі саябақтарда орындап жүр. Көшеде домбырамен ән айтылып, күй шертіліп жатса, онда тұрған ештеңе жоқ деп ойлаймын. Керісінше, бұл біздің домбырамызды басқа қырынан танытуға үлкен мүмкіндік. Өз басым кез келген жерде домбыраның әуенін естісем, қуанып қаламын. Кезінде өзіміздің күйші, сал-серілеріміз далада, ауыл-аймақты аралап күй шертіп, ән шыраған. Сол өнер жалғасын тауып, дәстүріміз жаңарып жатса, неге домбыраны жан-жақты танытпасақ?!

Қазақ халқы үшін домбыра өте қадірлі. Мен үшін де

домбыраның қадірі шексіз дер едім. Құрманғазы, Дина секілді тарихта қалған атакты күйшілер кезінде қуанышы мен қайғысын, мұңы мен ыза-кегін, басынан кешкен көңіл күйін күй арқылы жеткізген. Сол домбыра арқылы күймен олардың өлмейтін мұрасы бізге жетті. Бізден кейінгі буын – жастар да домбыраның қадірін ұғып, күй өнерін өлтірмейтініне сенемін. Домбыраның қадірі туралы сөз қозғаудың өзі үлкен тақырып. Оны бір-екі ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес.

1 шілде – Ұлттық домбыра күні. Қазақтың қасиетті үні домбыраға арнайы күн белгілеп, домбыра күнін жеке атап өтетінімізге, бас аспабымыздың дәрежесі жоғарылағанына өнер адамы ретінде өз басым өте қуаныштымын. Баршаңызды мерекемен құттықтаймын!», – дейді күйші Әйгерім Ғабитқызы.



«ДЕЛЬТА» БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҒДАЙ УШЫҚТЫ КВИ-ден қорғанудың жалғыз жолы – екпе алу



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Алматыда екпе пункттерінің жұмыс сапасын және вакциналау технологиясының сақталуын бақылайтын арнайы жұмыс топтары құрылды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, мегаполистің мемлекеттік бас санитар-дәрігері Ж.Бекшинмен және қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағалимен бірге COVID-19-

ға қарсы вакциналау пункттерінің жұмысын және қоғамдық орындардағы шектеу іс-шараларының сақталуын тексерді.

Негізгі мақсат – үнділік «дельта» штамына байланысты эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы салдарынан, қалалықтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін вакциналау қарқынын арттыру.

Жұмыс топтары емханаларда, сауда-ойын-сауық орталықтарында, университеттер мен мегаполистегі базарларда орналасқан пункттерді аралады. Олардың ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағындағы «Smart health city», «Almaty Mall» СОСО,



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«Мәскеу» СОСО және басқа да вакциналау пункттері бар.

«Almaty Mall» сауда-ойын-сауық орталығындағы вакциналау пунктінің қызметін тексеру барысында №18 қалалық емхананың терапевті Сымбат Бердібек вакцина салдыруға ниет білдіргендер қатарының артуы қалалықтардың вирустың қаупі туралы жақсы хабардар екендіктерін және алматылықтардың әлеуметтік жауапкершіліктерінің өскенін көрсетінін атап өтті.

«Күн сайын бізге вакцина алу үшін 200–250 адам келеді. Бүгінге дейін 4000-ға жуық адамға вакцина салдық. Вакциналар мұз-

датқыш камераларда сақталады. Мысалы, «Спутник V» вакцинасының дозалары -18-ден -24-ке дейінгі температурада, қазақстандық вакцина +2-ден +8 градус Цельсийде сақталады», – дейді С.Бердібек.

Жұмыс тобы сонымен қатар, қала асханаларының бірі – «Qagana»-қа да барды. Тексеру кезінде санитарлық нормалардың бұзылғаны, келушілердің бетперде тақпайтыны, әлеуметтік арақашықтықты сақтамайтыны белгілі болды.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров жұмыс сапарын қорытындылап, қаланың медициналық ұйым-

дарының басшыларымен, сондай-ақ аудан әкімдіктерінің басшылығымен тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасы мен жұмысына байланысты онлайн-форматта кеңес өткізді. Аудан әкімдіктеріне медициналық ұйымдармен бірге ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды. Мысалы, сауда-ойын-сауық орталығы мен сауда үйлеріне баратын азаматтар ғимаратқа кірген сәттен бастап COVID-19-ға қарсы вакцина алу мүмкіндігі туралы хабардар болуы және вакцина алудың маңыздылығы туралы тиісті ақпаратты көруі керек.

Тағы да қайталап айтайық, мегаполистегі эпидемиологиялық ахуал барынша тез тарайтын мутацияланған «дельта» штамының салдарынан ушығуда. Соңғы аптада коронавирус жұқтырған науқастар саны 1,7 есеге өскен. Эпидемиологтердің айтуы бойынша, «дельта» өте жұқпалы және бұған дейін анықталған штамдарға қарағанда 60%-ға көп жұғады. Сондықтан Алматы қаласының әкімдігі қалалықтарды эпидемиологиялық қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырады: бетперде тағып, әлеуметтік арақашықтықты сақтап, адам көп шоғырланған жерлерге барудан бас тартқан жөн. КВИ-дан қорғанудың жалғыз әдісі – вакцина екенін де ескеру қажет. Ал екпе алу – тегін.

«Ashyq» бар болса, жол ашық


«Ashyq» жобасы Алматы тұрғындарына коронавирустың жұғу қаупін азайтуға көмектеседі.

Алматы қаласы Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Салтанат Лесбаева «Ashyq» қосымшасының жұмысы туралы баяндады. Оның айтуынша, «Ashyq» қосымшасы негізінен қатысушының «көк» мәртебесін ғана анықтаймайды. «Сканерлеу кезінде мегаполисте «қызыл» мәртебесінің 670 тұрғында, ал «сары» мәртебесінің 178 адамда бар екені расталған. ТЖ вокзалдары мен әуежай «қызыл» мен «сары» мәртебесі бар қала тұрғындарын анықтау бойынша көш бастап тұр», – дейді маман.

Алматы ТЖ вокзалдары жобаға 21 маусымнан бастап қосылды. Қосымша қысқа уақыт ішінде КВИ таралуының алдын алуға мүмкіндік береді.

«Бірінші күні Алматы-2 теміржол вокзалында сканерлеу кезінде алыс сапарға шығатын жолаушы анықталды. Ол бірнеше күн уақытын жолда өткізу керек болған, алайда жолаушыда «қызыл» мәртебесі анықталды. Ол өзін-өзі оқшаулау режимін бұзған болып есептеледі. Бүгінде Алматының 8 тұрғыны осындай талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді С.Лесбаева.

Алматыда «Ashyq» қосымшасымен қатар, «Aitu», «Egov mobile» қосымшалары және Kaspi мен «Халық банк» арқылы қай мәртебеде екенін тексеруге болады. Бұл азаматтарға ыңғайлы болу үшін жасалған. Мәртебесін білу үшін ЖСН енгізу жеткілікті.



«Осындай шаралар инфекция жұқтыру қаупін азайту үшін жасалды. Егер жобаға қатысушылар өздеріне алған міндеттемелерді сақтамаса, олар жобадан шеттетіледі және екі айға дейінгі мерзімге жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылады. Алматыда «Ashyq» жобасынан 39 қатысушы шығарылды, өйткені олар келушілер мен өз қызметкерлерін сканерлемеген», – деді Салтанат Лесбаева.

Спикердің айтуынша, Алматыда белгіленген шектеулерге байланысты жоба аясында жұмыс істеуге ниет білдірушілер көп. Соңғы күндері 10 кәсіпкер өтінім берген. Негізінен, «Ashyq» бойынша қоғамдық тамақтану орындары, фитнес орталықтар, компьютерлік клубтар, моншалар мен кинотеатрлар жұмыс істейді. Жобада барлығы 2332 қатысушы бар. Тестілік режимде 148 бизнес субъектісі жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен және әзірлеушілермен бірлесіп, жобаға қатысушылардың тізімін кеңейту мәселесі қарастырылуда.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Алматыда балалар алаңдары мен үйлердің кіреберісінде және лифтілерде күнделікті дезинфекция жүргізіледі. Қаланың бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин жаңа қаулыға қол қойды. Бұдан бөлек, әрбір соңғы аялдамада автобус және метро вагондарында дезинфекция жүргізіліп тұруы тиіс. Сонымен қатар, оң нәтиже көрсеткен барлық ПТР-тест Ұлттық сараптама орталығына жіберіледі. Осы арқылы вирустың мутацияланған түрінің бар-жоғы тексеріледі. Егер адамдардың қолында вакцина алғаны жайында паспорт болса, ол кезде бір жерде отырып, жиналыстар өткізуге де рұқсат. Құжат алдағы дүйсенбіде күшіне енеді.

ҚАТАҢ КАРАНТИНГЕ ОРАЛДЫ

Мәскеуде қатаң карантин күшіне енді. Мұндағы мейрамханалар Covid-free ережелері бойынша жұмыс істей бастады. Енді тамақтану орындары тек коронавирусқа қарсы вакцинаны салдырған, соңғы 6 ай ішінде індеттен сауығып шыққан немесе ПТР-тестінің теріс нәтижесі көрсетілген анықтамалары бар адамдарды ғана қабылдайды.

ҚАУІПТІ ВИРУС АНЫҚТАДЫ

Пуна қаласындағы Ұлттық вирусология институтының (NIV) ғалымдары Махараштра штатындағы жарқанаттардан Nipah қауіпті вирусын анықтады. Зерттеуші, дәрігер Прагья Ядавтың айтуынша, бұл вирус түлкілер мен тышқандардан анықталатын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл вирусты «дүние жүзіндегі қауіпті вирус» деп таныған.

ТӨРТІНШІ ТОЛҚЫН БОЛУЫ МҮМКІН

Германияда санитарлық шектеулер жеңілдеді. Елде мейрамханалар жұмыс істеп, мұражайлар мен клубтар қайта ашылды. Той-томалақ өткізуге де рұқсат берілді. Қалаларда коменданттық сағат алынып тасталды. Алайда, саясаткерлер індеттің төртінші толқыны басталуы мүмкін деп отыр. Ондай жағдайда қатаң карантин қайта енгізіледі. Жуырда үкімет Ресей мен Португалияны коронавирус мутациялары өршіген елдер тізіміне косты. Келесі аптадан бастап осы мемлекеттерден

келгендер 14 күндік карантинге жіберіледі. Бұған дельта штамының таралуы себеп.

БАЛАЛАР КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ҚАТЫСАДЫ

12–17 жас аралығындағы шамамен 350 бала мен жасөспірім коронавирусқа қарсы «Спутник V» вакцинасының клиникалық зерттеулеріне қатысады. Және әр жасқа арналған препараттың белгілі бір концентрациясы таңдалады. Бұл туралы Гамалея атындағы орталықтың директоры Александр Гинцбург айтты.

– Балаларға жасалатын зерттеулердің ересектерге жасалған клиникалық зерттеулерден ешқандай ерекшелігі жоқ, тек бұл жағдайда «Спутник V» вакцинасының концентрациясы әр жасқа әртүрлі белгіленеді. Вакцинаның қалай жұмыс істейтінін бақылаймыз. Жанама әсерлері аз болады деп ойлаймын. Егер араластырылған доза тиімді болса, осымен тоқтаймыз. Зерттеулерге 12–17 жас аралығындағы 350 бала қатысады деп жоспарлап отырмыз, – деді ғалым.

БЕТПЕРДЕ ТАҒУ ТӘРТІБІ АЛЫНДЫ

Испанияда көшеде бетперде тағып жүру тәртібі алынып тасталды. Бірақ адамдар 1 жарым метрлік арақашықтық сақтауы тиіс. Егер бұл мүмкін болмаса, бетперде киіп қорғануы тиіс. Бұдан бөлек, қоғамдық көліктер мен дүкендерде де шектеу сақталады. Айта кетейік, Испанияда бетперде тағып жүру тәртібі індет таралғаннан бері қолданылып келеді. Тәртіпті бұзғандарға 100 еуро көлемінде айыппұл салу қарастырылған.

ЕГИПЕТКЕ КІРУҮШІН ЕКПЕ АЛУ КЕРЕК

COVID-19-ға қарсы толық вакциналанған шетелдіктер Египетке вакцинация туралы куәлік ұсынған жағдайда ПТР-тестсіз кіре алады. Онда екі компонентті вакцинаның екінші дозасын алғаннан кейін 14 күн өткен соң (Спутник V, Pfizer, AstraZeneca, Moderna, Sinopharm, Sinovac) немесе Johnson & Johnson бір компонентті вакцинасының алғашқы дозасын алғаннан кейін 14 күн өткен соң рұқсат етіледі. Сертификаттарда QR код және ресми органның мөрі болуы керек, түзетулерге, толықтыруларға жол берілмейді.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



АУЫРМАУ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА!

Қазір ойын-сауық құратын уақыт емес



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Осы апта басында Алматыда карантиндік шектеу іс-шаралары күшейтілді. Кафе мен мейрамханалардың жұмыс тәртібі өзгерді. Бұл шешім біздің шаһарда да коронавирустың «дельта» штамының жедел таралуына байланысты қабылданды.

Алайда, қауіпті індетті жұқтырғандар санының күн санап артып жатқаны қала тұрғындарын алаңдатар емес. Олар кісі көп шоғырланған қоғамдық нысандарда топталып жиналып, той тойлауды, көңіл көтеруді жалғастыруда.

Кәсіпкерлік нысандарындағы карантин талаптарының орындалуын тексеретін мониторинг топтар да жұмыстарын күшейткен. Олар тамақтану орындарының, дүкендер, компьютерлік клубтар, моншалар мен басқа да мекемелердің иелеріне санитарлық талаптарды сақтау керектігін күнде айтудан жалыққан емес. Бірақ заңға, тәртіпке бағынғысы



келмейтіндер әлі де аз емес сыңайлы.

28 маусымнан 29-ына қараған түні Алматыда белгіленген талап-шектелулерді бұзған 5 жағдай анықталды. Мәселен, Әуезов ауданының мобильді тобы «Инжу» банкет залында 60 қонақтың басын қосып, той тойлап жатқан адамдарды таратуға мәжбүр болған. Бұрынғы және қолданыстағы қаулыларға сәйкес,

мегаполисте той өткізуге тыйым салынған.

Сол түні Бостандық ауданының аумағында да мезгілсіз уақытта жұмыс істеп тұрған «Strong» компьютерлік клубы анықталды. Ішіне 80-ге жуық ойынқұмардың жиналып алғаны белгілі болды.

Бұған дейін, 28 маусымға қараған түні Алмалы ауданында 60-қа жуық адамды кіргізген «Фризман» бары мен Әуезов ауданындағы 40 геймер болған «Дома» компьютерлік клубының жұмысы тоқтатылған еді.


Карантиндік талап-ережелердің ең көп бұзылу дерегі 26 маусымнан 27-іне қараған түні тіркелген. Тексерушілер санитарлық-эпидемиологиялық нормалар сақталмаған 12 мекемені анықтаған. Бұл тізімде «Алмалы» кафесі де бар. Тексеру кезінде онда 120 келуші болған. Ал «Абырой» кафесінде 110 адам болғаны анықталып, абыройына нұқсан келді. Бұл екі мекеме де Әуезов ауданында орналасқан. Иелеріне қатысты әкімшілік хаттамалар жасалды.

Алматыда биылғы 20 наурыз бен 29 маусым аралығында барлығы 1216 бұзушылық анықталды. Анықталған нысандардың жалпы саны – 790 мейрамхана, кафе мен дүкендер, 148 компьютерлік клуб, 18 бильярд клубы, 46 СПА-салон, 29 монша, 2 кальябары, 42 караоке клубы, 30 лото клубы, 23 түнгі клуб, кинотеатр мен букмекерлік кеңселер.

Еске сала кетсек, мегаполисте күрделі эпидемиологиялық жағдай сақталуда. Алматы коронавирусы инфекциясының таралуы жағынан «қызыл аймаққа» кірді. «Дельта» штамы біраз әуреге салатын түрі бар. Сондықтан қала тұрғындары мен меймандары санитарлық талаптарды қатаң сақтап, бетперде тағып жүргені, адам көп жиналатын орындардан аулақ болғаны абзал. Ауырмау – өз қолымызда!

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«Мен екпе алдым!»



Ғалия КӨШЕҒҰЛОВА,
Спорт және туризм академиясының бокс, жеңіл атлетика және жекпе-жек өнері кафедрасының лаборанты:

– Шынымды айтсам, екпе алмас бұрын біраз уақыт ойландым. Әлеуметтік желілерден ақпараттар іздедім. Вакцинаның кері, жағымсыз әсері бар ма екен деген қорқынышта болдым. Алайда, жұмысымыз студенттермен байланыста болғандықтан, індеттің кесірі оларға тимесін дедім. Қазіргі таңда жастарымыз жеткілікті деңгейде білім ала алмай жатқаны рас. Біз, оқытушылар әр студенттің анасындай болып кеткен жан-дармыз. Олардың денсаулығы біз үшін маңызды. Себебі, әрбір студент біздің болашағымыз. Ертеңгі уақытта олардың ауырып, емханаларда жатқанын көру біз үшін үлкен қасірет. Сондықтан да вирустың елімізде дендеп, әр азаматымыздың өміріне қауіп төндірмегенін қаласақ, екпені ектіруіміз қажет.



Жадыра ЕРМЕҚҚЫЗЫ,
үй шаруасындағы ана:

– Әлем халықтарында вирустың қаншалықты деңгейде өршігенін, халықтың қалай қиналғанын көзіміз көріп, құлағымыз естіді. Індетке қарсы тұра алмаған жақындарымыздың біразы о дүниелік болды. Осы жағдайларды көрген отбасымыздың мүшелері вирусқа қарсы тұратын «Спутник V» вакцинасының екі бірдей дозасын қабылдадық. Екі дозасын да өзіміз тұратын №22 емханада алдық. Бүгінгі күнге дейін еш жеріміз ауырған жоқ. Керісінше, екпеден кейін тұмау тимей, жеңіл түрде өтіп жатқанын байқап жатырмыз. Біздің үйде 5 бірдей кішкентайымыз бар, олардың денсаулығына қатты алаңдаймыз. Менің ойымша, балаларымызға алаңдайтын болсақ, ата-анасы ретінде қорғанып жүруіміз қажет. Әрбір азамат өзін, отбасын қорғағысы келсе, екпеден емес, індеттен сескенуі керек.

Айыппұл салынды



Шаһарда «қызыл» мәртебесі бар алты тұрғынға карантин талабын бұзғаны үшін айыппұл салынды. Бұл туралы Қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары мәлім етті.

«Өткен аптада ХҚКО-да, мейрамханада, фитнес-орталықта және әуежайда «қызыл» мәртебесі бар тұрғындар анықталды. «Ashyq» жобасы арқылы ПТР-сынамасы оң нәтиже көрсеткен тұрғындарды окшаулау режимін сақтауға шақырды.

Оның айтуынша, олар үй карантинін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК-нің 425-бабы (30 АЕК – 83340) бойынша айыппұл төлеген. Тұрғындар Алматы қаласының Алатау, Алмалы, Бостандық, Медеу және Түрксіб аудандарынан екені белгілі болған.

Алматы қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары ПТР-сынамасы оң нәтиже көрсеткен тұрғындарды окшаулау режимін сақтауға шақырды.

Еске сала кетсек, елімізде COVID-19 жұқтырған 500-ден аса адамның жағдайы ауыр және өте ауыр жағдайда.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАУДАН ӨТТІ



Шаһардың Индустриалды аймағындағы зауыттарда жұмысшыларға вакцинаны мобильді бригадалар салды. Жақында құрғақ құрылыс қоспаларына арналған қағаз шығаратын «Алмапак» ЖШС-де вакцина салдыруға 30 адам жазылған, олардың барлығы – зауыттың жұмысшылары. Олар вакцинаның екі компонентін де алып үлгерген. Қазіргі таңда олардың денсаулығы жақсы, жанама әсерлердің байқалғаны туралы шағым түспеген көрінеді. Вакцина салысымен-ақ жұмысшылардың барлығы дерлік күнделікті жұмыс тәртібіне көшкен.

«Біз Еуропадан сапалы қағазды пайдаланып сөмке шығарамыз. Өндірісті тоқтатуға болмайды, өйткені біздің өнім Өзбекстан мен Қырғызстанға да қажет. Сонымен қатар, біздің барлық қызметкерлеріміздің отбасы бар, сондықтан олар вакцинаға саналы түрде келді. Бұл алдымен денсаулығымызды індеттен сақтау болып табылады. Мен сәуір айында вакцина алдым, кейінірек жұмысшыларға ұсындым. «Дархан» шағынауданындағы емханаға өтінім беріп едік, медициналық бригада келіп, балалар екпе алды», – деді Айдар Қасенов.

«Алмапак» – Алматы индустриалды аймағындағы жұмысшылар бригадасы вакцина алған алғашқы өнеркәсіптік кәсіпорын емес. Сәуір айында «Алматы электр қалқаны», «Хюндай Транс», «КСМ Техновид» пен «Масло-дел» зауыттарында ұжымдағылардың барлығы дерлік жаппай вакциналаудан өткен.

Еске сала кетсек, қаламызда 307 екпе бригадасы жұмыс істейді.

Ақтолықын ТҰРЛЫҒАЗЫ.



● EURO-2020

Еуропа чемпионатының 1/8 финалы аяқталды. Қазірдің өзінде бұл дода осыған дейінгі құрлық чемпионаттарының ішіндегі ең нәтижелі болып тұр. Сондай-ақ, биыл автоголдар да өте көп соғылды.

Уэльс – Дания – 0:4. Топтық турнирден зорға шыққан Данияның ойыны жақсы екеніне мамандар сенімді еді. К.Юлманн шәкірттері Эриксен оқиғасынан кейін ес жиып қана қоймай, қаһарына мінгенін де анық байқатты. Өз тобында екінші орын алған Уэльс құрамасын Дания ойсырата жеңді. Бұл матчта орталық шабуылшы Юссуф Поульсенді алмастырған Каспер Дольберг керемет өнер көрсетті. Оның екі добы матч тағдырын толық шешті.

Италия – Австрия – 2:1. Австрия қосымша уақытқа дейін шыдап бақты. Алайда, командаластарын алмастырған Франческо Кьеза мен Маттео Пессино бәрібір Бахманн қақпасынан саңылау тапты. Саша Калайджич соққан жалғыз қарымта доп Австрияға еш көмектесе алмаса да, 11 ойын бойы өз қақпасына доп жібермеген Италияның рекордын бұзуға жеткілікті болды.

Нидерланд – Чехия – 0:2. 1/8 финалдың алғашқы сенсациясы осы нәтиже болғаны сөзсіз. Франк де Бурдың командасы 50 минут бойы тынбай шабуылда-

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ЕЛІНЕ ҚАЙТТЫ, ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ ТӘЖІН ШЕШТІ



ғанмен, Чехия қорғанысы сыр берген жоқ. 55-минутта Маттейс де Лигт допты қолмен тоқтатқаны үшін алаңнан қуылды да, чехтардың қолы жүріп берді. Алдымен қорғаушы Томаш Голеш есеп ашты, ал осы додадағы Чехия құрамасының бас мергені Патрик Шик 80-минутта есепті еселеді. Нидерланд құрамасы осылайша жарыстан ерте қайтуға мәжбүр болды.

Бельгия – Португалия – 1:0. Еуропа чемпиондары осы матчта тәжін шешті. Ойын барысында Криштиану Роналду бастаған жігіттер айқын басымдық танытқанмен, Бельгия қорғанысының осал тұсын таба алған жоқ. Бельгия матч барысында жалғыз мүмкіндігін 42-минутта сәтті

пайдаланды (Т.Азар). Дегенмен, Роналду әлі де мергендер көшін бастап келеді (5 гол).

Хорватия – Испания – 3:5. Еуропа чемпионаттары тарихындағы екінші ең нәтижелі матч осы болды. Алдымен испаниялық қақпашы Унаи Симон өз қақпасына доп соғып алды (кейін ол доп Педриге жазылды), сосын «қызыл фурия» үш доп соғып алға шықты, соңғы он минутта хорваттар есепті теңестірді. Бірақ бұдан әрі Испания құрамасы үстемдік танытты: Мората мен Ойарсабаль қосымша уақытта әлемнің вице-чемпиондары қақпасын тағы екі рет дәл көздеп, жеңісті жұлып алды.

Франция – Швейцария – 3:3 (пен. 4:5). Ешкім ерлік күтпеген



Швейцария құрамасы әлем чемпиондарын еліне қайтарды. Бұл кездесудің сценарийі де шиеленіске толы болды. Алдымен Харис Сеферович есеп ашты, 55 минутта Рикардо Родригес тепкен пенальтиді қақпашы Уго Льорис қапысыз қайтарды. Бұдан соң Бензема – екі, Погба бір гол енгізіп, матч тағдырын шешіп қойғандай еді. Алайда, Швейцария дүр сілкінді. 81-минутта – Сеферович, 90-минутта Марио Гавранович қарымта қайтарды да, швейцариялықтар ойын соңындағы пенальтиге дейін шыдап берді. Соңғы болып нүктеге келген Килиан Мбаппе қақпасынан айланып асыра алмады. Сөйтіп, әлем чемпиондары жарысты аяқтады, ал Швейцария

1954 жылдан бері тұңғыш рет ірі турнирлердің ширек финалына жолдама алды.

Англия – Германия – 2:0. Англия құрамасы аса күшті Германияны тоқтатты. Осылайша топтық турнирде «өлім тобында» болған үш құрама да (Португалия, Франция, Германия) 1/8 финалдан аса алмады. Англия құрамасы биылғы Еуроода өз қақпасына әлі доп жіберген жоқ.

Швеция – Украина – 1:2. Украина құрамасы бұл матчта жеңіс добын 120+1 минутта соқты: биылғы көктемде әлем чемпионатына іріктеу кезеңі аясында ұлттық құрама сапындағы алғашқы кездесуін Қазақстанға қарсы өткізген Артем Довбик Зинченконың пасын аса сәтті пайдаланды. Бұл Еуропа чемпионаттары тарихында ең кеш соғылған жеңіс добы болып тіркелді. Украина құрамасы тұңғыш рет Еурооның ширек финалына шықты. Ал бұл құраманың бас бапкері Андрей Шевченко 2006 жылғы әлем чемпионатында өз құрамасын ширек финалға бастап шыққан болатын. 15 жылдан кейін бапкер ретінде үлкен жетістікке жетіп отыр.

Ширек финалдық жұптар мынадай (2-3 шілде):

Швейцария – Испания, Бельгия – Италия, Чехия – Дания, Украина – Англия.

● ТОКИО-2020



«КЛАССИКТЕР» ТАҢДАУ ЖАСАДЫ

Грек рим күресінен Токио олимпиадасына қатысатын спортшылар тізімі белгілі болды, деп хабарлайды Olympic.kz.

Токиодағы жазғы Олимпиада ойындарында грек-рим күресі бойынша Қазақстан ұлттық құрама командасынан үш балуан қатысады. Олар – Мейрамбек Айнағұлов (60 келі), Демеу Жадыраев (77 келі), Нұрсұлтан Тұрсынов (87 келі). Алғашқы екі жолдаманы Қазақстан құрамасы 2019 жылғы әлем чемпионатында жеңіп алған болса, Тұрсынов биылғы азиялық іріктеу турнирінде топ жарды.

Бапкерлер құрамы 60 келіде Айнағұлов пен Айдос Сұлтанғали арасында таңдау жасады. Айнағұлов жақында Түркияда өткен халықаралық турнирде қола жүлде жеңіп алды. Ал Сұлтанғали жолдаманы тікелей өзі жеңіп алмаса да, биылғы Азия чемпионатында, Маттео Пеликоне (Италия) турнирінде топ жарды. Дегенмен, бапкерлер тәжірибесі мол Мейрамбекке көбірек сенетін сияқты.

77 келіде Демеу Жадыраев пен Асқат Ділмұхамедов үміткер болды. Ділмұхамедов 2019 жылғы әлем чемпионатының жартылай финалында – Томаш Лорингтен (Венгрия), үшінші орын үшін белдесуде Жалғасбай Бердімұратовтан (Өзбекстан) жеңіліп, алғашқы бестікке енді. Жадыраев ол додада олимпиада санатына енбейтін 72 келі салмақ дәрежесінде күресті. Кейін ол олимпиялық салмаққа ауысты. Биылғы Азия чемпионатында Жадыраев қола жүлдегер атанды.

Естеріңізге сала кетейік, 2016 жылғы Рио олимпиадасында да грек-рим күресінен үш балуанымыз өнер көрсеткен еді. Алайда, Алмат Кебісбаев та (59 келі), Досжан Кәртіков те (75 келі), Нұрмахан Тыналиев те (130 келі) жүлдеге іліне алмады.

● ДЗЮДО

ЕЛДОСТЫҢ ЕКІНШІ БЕЛЕСІ

Дзюдодан да Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсететін балуандар анықталды. Бұл туралы құраманың бас бапкері Ғалымжан Жылгелдиев Olympic.kz сайтына былай деп түсініктеме берді:

«Дзюдодан Токио олимпиадасына баратын құрам бүгінде белгілі. Осыған дейін айтқанымыздай, олимпиадаға олимпиялық рейтингте жоғары орында тұрған спортшы барады. Қазіргі таңда Қазақстан ерлер құрамасының 7 спортшысы рейтингте тиісті ұпайды жинады. Алайда, әр салмақтан бір спортшы ғана қатыса алатындықтан, біз алдыңғы қатарда тұрған спортшыға мүмкіндік бергенді құп көрдік.

Әлем чемпионатына дейін ұлттық құраманың бапкерлері ақылдасып, 60 келіде Ғұсман Қырғызбаевты – әлем біріншілігіне, ал Елдос Сметовты олимпиада ойындарына дайындағанды жөн санадық. Екі спортшымызды екі маңызды жарысқа арнайы дайындадық. Ғұсман Қырғызбаев Будапештте үмітімзді ақтап, әлем чемпионатының күміс жүлдесіне ие болды.

Ал 66 келіде Елдос Жұмақанов пен Ерлан Серікжановтың арасындағы



бәсеке өте тартысты жүрді. Бес жылға созылған олимпиадалық циклде екі дзюдошыға бірдей мүмкіндік беріліп, әлемдік жарыстарға қатар шықты. Әлем чемпионатының алдында дәл осы салмақ бойынша да бапкерлермен ақылдасып, Токиоға баратын спортшы

әлем чемпионатынан кейін белгілі болады деп тарқасқанбыз. Өздеріңіз көргендей, Елдос Жұмақанов әлем біріншілігінің жартылай финалына дейін жетіп, жарыста бесінші болды. Жүлдегерлер қатарынан көрінгенде, сөзсіз, Елдос олимпиадалық рейтингте алдыңғы қатарға шығатын еді. Алайда, жарақатына байланысты ол жартылай финалда тоқтады. Қазіргі таңда 66 келіде Ерлан Серікжанов рейтингте жоғары тұр. Сондықтан осы салмақ бойынша Ерлан Серікжанов Токио олимпиадасында ел намысын қорғайды.

Ал қалған салмақтар бойынша рейтингте тиісті ұпай еншілеген балуандар Токиоға аттанады. 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде – Жансай Смағұлов, 90 келіде Ислам Бозбаев олимпиадаға қатысады. 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Дидар Хамза құрлықтық квотаға ие болды.

Осылайша Токио олимпиадасына ерлер құрамасынан жалпы саны бес дзюдошы қатысады. Олар: Елдос Сметов (60 келі), Ерлан Серікжанов (66 келі), Жансай Смағұлов (73 келі), Дидар Хамза (81 келі) және Ислам Бозбаев (90 келі)», – дейді Ғалымжан Жылгелдиев.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ЖЕҢІЛ АТЛЕТТЕРДЕ – ТАҒЫ ТӨРТ ЖОЛДАМА

Қазақстандық жеңіл атлеттер Токио олимпиадасына тағы төрт лицензия жеңіп алды, деп хабарлайды Olympic.kz.

Халықаралық жеңіл атлетика федерациясының әлемдік рейтингіне сәйкес қазақстандық екі спортшы жолдамаға ие болса, төртінші жолдаманы Қазақстанда өткен жарыс нәтижесі бойынша иелік етті.

Ольга Сафронова әйелдер арасында 100 және 200 метр қашықтықта жарысқа лицензия жеңіп алды. Михаил Литвин ерлер арасында 400 метрге жүгіруден Қазақстанның намысын қорғайды. Ирина Эктова Алматыда өткен жарыстағы нәтижесі бойынша үш секіруден Олимпиадаға қатысады.

Айта кетерлігі, жеңіл атлетикадан Қазақстан құрамасының қоржынында бұған дейін жеті жолдама болды.

Оларды Ольга Рыпакова (үш секіру), Григорий Шейко (спорттық жүріс), Айман Ратова (спорттық жүріс), Жанна Мамажанова (марафон), Мария Овчинникова (үш секіру), Надежда Дубовицкая (биіктікке секіру), Кристина Овчинникова (биіктікке секіру) жеңіп алған еді.

**Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.**



Шаш – адамның визит картасы

Барбер қыздың қызықты да қиын кәсібі



Шаһарда алғашқы барбер-шоп осыдан жеті жыл бұрын ашылған. Бұл ретте көпшілік «барбер-шоп» десе, онда тек ерлер жұмыс істейді деп ойлайды. Сондықтан қыздың шаш алып, сақал қырғаны көпті таңқалдырады. Шығармашылық аймаққа шаштың артқы жағы жатады. Ерекше күн мен мереке үшін немесе спорт жанкүйерлері бастың бүкіл бөлігін пайдалануға келісетін көрінеді. Бұл өнер, негізінен, 2000-шы жылдардың басында танымал француз стилисі Тьерри Грас өзінің екі хобби – барберинг өнері мен татуировканы біріктіруге шешім қабылдаған кезде сәнге айналған.

Меруерттің мамандығы – шаш-тараз. Барберинг саласында төрт жылдан бері жұмыс істейді. Біздің қаламызда мұндай қызмет құны күрделілігіне қарай 4-тен 15 мың теңгеге дейін жетеді екен. Шебер қыз ою-өрнек пен жолақтардан, тұтас суреттерден бөлек, пейзаж және танымал тұлғалардың портреттерін жасайды. Мұны «арт-шаш кою» дегенге болатындай.

Меруерт бұған дейін Димаш Құдайберганның, GGG-дің бет пішінін шашка «түсірген». Сабуровты, Скриптониттің бейнесін жасаған. Ал Моргенштернның келбетін қиғанда ол оған бір жарым сағат уақыт жұмсаған.

– Мұндай ой сізге қайдан келді?

– Бірде мен АҚШ-тың барбер мамандары жасаған шедеврлерін көрдім. Олар клиенттердің басының артқы бөлігіндегі шашты

қиып, қырып, портреттер жасады. Содан кейін «маған да неге жасап көрмеске?» деп ойладым.



– Басқа сурет салу мен татуировка жасаудың ұқсастығы бар ма?

– Шаштың өсуі қиын. Сондықтан оны бір рет дұрыс қимасаңыз, қалпына келуіне айлар кетуі мүмкін. Ал татуировка ол теріге салынады әрі ол өшеді. Әрине, мен жұмыс бастамас бұрын суретпен дұрыстап танысып, жан-жақты зерттеймін. Содан кейін шығармашылықтың қызықты және шоғырланған процесі басталады.

– Атақты адамдардың қайсысы жиі суретке ілінеді?

– Қанша адам болса, сонша пікір, көзқарас бар. Сондықтан қалаулары сәйкес келе бермейді. Мәселен, біреу футболісті айтса, келесі біреуге президенттің суреті қажет болады.

– Ресейлік танымал рэпер Моргенштерннің суретін салғаныңызды көрдік. Ол сіздің жұмысыңызды қалай бағалады?

– Сенесіз бе, ол менің жұмысымды өзінің инстаграм парақшасында бөлісті. Қатты қуандым. Жұмысыңды бағалаған қандай жақсы. Оның портретін жасау – менің әріптестерімнің идеясы. Моргенштерн – өте қызықты тұлға. Маған оның өз бизнесі мен жобаларын құрғаны ұнайды. Әлеуметтік желі деген – күш. Мен Моргенштерн менің жұмысымды көреді деп сендім, бірақ мен оны бүкіл ТМД-дан 7 миллион адам оқитын өз парақшасында бөліседі деп ойламадым. Оның репостынан кейін менің парақшамдағы белсенділік артып, хабарламалар тоқтаусыз түсе бастады. Тіпті, оның досы маған жазып, кездескенде менің жұмысымды әңгіме ететінін жеткізді.

– Портреттерді жасау үшін қандай құралдар қолданылады?

– Триммер, қырыну машинасы және қауіпті ұстара. Негізгі құралдар осы. Басқа ешнәрсе керек емес.

– Өзіңіз кімнің портретін жасағыңыз келеді?

– Мен тұтынушы қалайтын кез келген портретті жасай аламын. Тек жақсы шыққан суреті болса болды. Соған қарап отырып, жасауға болады.

– Шашпен жұмыс істеуден, шашты бұзып қоюдан қорықпайсыз ба?

– Әрине, сол үшін де менің мамандығымды жауапты да, қауіпті деуге болады. Өйткені, шаш адамның визит картасы секілді.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ДАНАЛЫҚ ӘЛІППЕСІ

Білімді ел – бақытты ел. Бақытты ел – бәсекеге қабілетті, озық ел.

Біз мектебімізге келетін «Алматы ақшамы» газетін оқыған сайын осы ой есімізге түседі. Маған басылым бетіндегі ұстаздардың тәжірибесі туралы мақалалар ұнайды. Сонымен бірге, мұғалім – мен үшін таза, кіршіксіз ұғым. Өйткені, менің нағашы бабам Қамзәбек, марқұм аталарым Ибрагим, Асан, Астархан – бәрі де мұғалім болған. Ауылдағы үйіміздің жанында ескі мектеп ғимараты тұр. Ол көне болса да, жанынан өткенде аталарым мен әжелерім, үлкен ағаларым мен әпкелерім басын иіп, тағзым етеді. Бұл – Қазақ елінің білім мен мектепке деген құрметі.

Тәуелсіздіктің арқасында ауыл мектебі де жаңа ғимаратқа көшкен. Бірақ қазір балабақша ғимараты болған ескі мектепке (ғимараты, алдындағы ескерткіштері, бағы, т.б.) деген құрмет толастаған емес. Өзім атама еріп ол кісі оқыған ауыл

мектебіне талай рет бардым. Үлкендердің мектепте оқыған шағын еске алып, қуанғаны қандай керемет десеніңші!..

Мен биыл Алматы қаласындағы №178 мамандандырылған мектеп-лицейді тәмамдадым. Он бір жыл қызықты да қуанышты өміріміздің бір белесіндегі өте шықты. Сынып жетекшіміз Л.К.Шегалиеваның тәлімді тәрбиесі мен ұғынықты сабақтары бізге қаншама қуат берді. Ләззат Кемелбекқызы – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Әлем әдебиетін де, Ресей классикалық әдебиетін де жақсы түсіндірді. Ал математика пәні мұғалімі Смағұлова Гүлнар апай бізді нақтылық пен жүйелілікке баулыды. Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Оразалиева Толғанай апай көркем ойлаушы, шығармашылығымызды дамытса, тарих пәнінің мұғалімі Темірова Гүлназ апай Ұлы дала тұлғалары туралы неше түрлі қызықты деректер айтып, танымалдығы тереңдетті.

Басқа да пән мұғалімдері туралы осындай жақсы баға бере аламыз.

Мектеп бітіру салтанатында директорымыз Шәдиев Қайратбек ағайдың мына тамаша сөзі бәрімізге ерекше әсер етті: «Құрметті түлектер! Мектеп – өмірге бастар теңіз айдыны, сендер – ақ желкен-сіңдер! Білім ошағының қасиеті мен құдіреті – ұлт пен әлем даналығында. Сендер соны бойларына сіңірдіңдер. Даналық өмірлеріңе серік болсын!».

